



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

**№ 4 (30)
2009**



ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ

ХАБАРШЫ

№ 4 (30)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 4 (30)

2009 жылғы желтоқсан

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп, тір-
кеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда
№ 2993-Ж куәлігі берілген.

Редакциялық алқа:

М. Құл-Мұхаммед
Мемтерминком
төрағасы

С. Абдрахманов
М. Айымбетов
Т. Алпысбаев
М. Ахмет
Ж. Бейсенбайұлы
Ә. Кекілбаев
Б. Қалиұлы
Ш. Құрманбайұлы
М. Құлкенов
Б. Майлыбаев
Б. Момынова
Д. Омашұлы
К. Хұсайын
Е. Шаймерден
К. Юсуп

Бас редактор
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының
ШЕШІМІ**

Астана қаласы

2009 жылғы 18 қараша

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы ұсынылған терминдер мен сөздікті, қаралған мәселені талқылай келе **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімі ұсынған терминдердің қазақ тіліндегі балама нұсқалары ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, (21 термин) бекітілсін.

2. «Оралман» атауына байланысты 1997 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен «Оралман» атауы күшінде қалдырылсын.

3. Microsoft корпорациясының Қазақстандағы және Орта Азиядағы ресми өкілдігі «Қазақстан Microsoft» ЖШС-і ұсынған «Windows Vista» (Виндоус Виста) және «Microsoft Office» (Майкрософт Оффис) жүйесі өнімдерінің жобасы бойынша ақпараттық технология терминдерінің ағылшынша-орысша-қазақша сөздігі ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, мақұлдансын.

4. Қазақ терминшілері қауымдастығы терминтану және салалық терминологияны дамыту барысындағы жұмыстар мен мәселелерді зерделей отырып, тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеп, нақты жобалар бойынша ұсыныстар берсін.

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының төрағасы**

М. Құл-Мұхаммед

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының хатшысы**

Т. Алпысбаев

2009 жылғы 18 қарашадағы ҚР Үкіметі жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бекіткен
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі
Жалпы бөлімі ұсынған терминдер мен сөз тіркестері

р/н	Ұсынылған терминнің орыс тіліндегі атауы	Мемтерминкомның бекіткен нұсқасы
1.	процент	пайыз
2.	принцип	қағидат
3.	процесс	үдеріс
4.	миропорядок/ мироустройство (экономический миропорядок, пятиполусный миропорядок, нефтяной миропорядок)	әлемсіпат әлемқалып
5.	нагрудной знак	төсбелгі
6.	денежное довольствие	ақшалай жабдықталым
7.	полевое довольствие	далалық жабдықталым
8.	вещевое довольствие	мүліктік жабдықталым
9.	прорывные проекты	серпінді жобалар
10.	секрет	жасырым
11.	тайна	күпия
12.	резюме	түйіндеме
13.	пропорциональный	барабар
14.	адекватный	сайма-сай
15.	идентичный	тақылеттес
16.	эксплуатация (эксплуатационная мощность)	1. қанау (саяси) 2. пайдалану (тех.)
17.	постамент	тұғыр
18.	флюгер	желбағар
19.	шпиль	сүмбі
20.	аукцион	бәссауда
21.	прозрачность (саяси)	ашықтық

Орталық Азиядағы және Қазақстандағы Microsoft Corporation фирмасының ресми өкілі болып табылатын «Microsoft Қазақстан» ЖШС-нің дайындаған компьютерлік терминдердің қазақша-орысша-ағылшынша сөздігі

Microsoft Office 14 (келесі нұсқасы 2007 нұсқасынан кейін іске қосуға арналған АТ терминдері сөздігі)

#	Ағылшынша нұсқасы	Орысша нұсқасы	Қазақша нұсқасы	Ұсыныс
1	Always Move gallery	галерея правил перемещения	жылжыту ережелерінің жиынтығы	
2	animation effect	эффект анимации	анимация әсері	
3	Animation Painter	анимация по образцу	үлгі бойынша анимация	
4	animation style	стиль анимации	анимация стилі	
5	Attendee/Recipient List	список участников и получателей	қатысушылар мен алушылар тізімі	Қатысушылар мен қабылдап алушылардың тізімі
6	Auto-Complete Cache	кэш автозавершения	автоаяқтау кэшi	
7	Background Removal	удаление фона	өңді жою	
8	branch	ветвь	тармақ	
9	Broadcast Slide Show	широковещательный показ слайдов	кең таратылатын слайд көрсетілімі	
10	calculated metric	вычисляемая метрика	есептелегін метрика	
11	co-authoring	соавторство	бірлескен авторлық	Қосалқы авторлық
12	contact group	группа контактов	істес кісілер тобы	Серіктестіктер тобы

13	content scoping	определение объема содержимого	мазмұн көлемін анықтау	
14	conversation	беседа	әңгімелесу	
15	crypto agility	криптографическая гибкость	криптографиялық икемділік	
16	cryptographic agility	криптографическая гибкость	криптографиялық икемділік	
17	data diagram	диаграмма данных	деректер диаграммасы	
18	Data Execution Prevention	предотвращение выполнения данных	деректердің орындалуын болдырмау	
19	decomposition tree	декомпозиционное дерево	декомпозициялық дерекнама	
20	DEP	предотвращение выполнения данных	деректердің орындалуын болдырмау	
21	Designer	конструктор	кұрастырғыш	
22	Efficient File Transfer	эффективная передача файлов	файлдарды тиімді жіберу	файлдарды тиімді жолдау
23	Enhanced File Block	улучшенная блокировка файлов	жақсартылған файлдар құрауы	
24	Form Library URL Repair Tool	средство восстановления URL-адресов библиотеки форм	пішіндер кітапханасының URL-мекенжайларын қалпына келтіру құралы	
25	fuzzing	подача случайных данных	кездейсоқ деректер беру	
26	Groove Documents Tool	средство работы с документами Groove	Groove құжаттарымен жұмыс жасау құралы	
27	hyperlink box	поле гиперссылки	еренсілтеме өрісі	



28	ignore	игнорировать	елемеу	
29	InfoPath Form Web Part	веб-часть формы InfoPath	InfoPath пішінінің веб-бөлігі	
30	Insert Screenshot	вставка снимка экрана	бейнебет суреттерін қою	Экран суреттерін қосу
31	Item Ratings	оценки элементов	элементтер бағалары	
32	Laser Pointer	лазерная указка	лазерлік меңзер	
33	Microsoft Office Document Cache	кэш документов Microsoft Office	Microsoft Office құжаттары кэшы	
34	Office Auto-Revisions	автоматическое создание редакций документов Office	Office құжаттарының автоматты өңдеулері	
35	Office SharePoint Server State Service	служба состояний сервера Office SharePoint	Office SharePoint сервері күйінің қызметі	
36	picture button	кнопка-изображение	кескін түймешік	
37	Reply All	ответить всем	бәріне жауап беру	
38	run time	время выполнения	орындау уақыты	
39	section	раздел	тарау	
40	Site Client	клиент узла	торап тұтынғышы	
41	Tags	теги	тегтер	
42	BPMN	BPMN	BPMN	
43	Business Process Modeling Notation	нотация BPMN	BPMN нұсқауы	
44	ClickOnce	ClickOnce	ClickOnce	
45	ClickOnce	признак документа	құжат ұқсатқышы	

46	Document ID Lookup URL	адрес запроса по признаку документа	құжат ұқсатқышы бойынша сұрату мекенжайы
47	document set	набор документов	құжаттар жинағы
48	Drop Off Library	библиотека-распределитель	тарату кітапханасы
49	Interface ScreenTips	всплывающие подсказки интерфейса	тілдесу қалқыма сөзкөмектері
50	Office File Validation	проверка файлов Office	Office файлдарын тексеру
51	Protected View	защищенный просмотр	қорғалған көрініс
52	SharePoint Maintenance Engine	подсистема обслуживания SharePoint	SharePoint қызметінің ішкі жүйесі
53	Spelling Service	орфографическая служба	емле қызметі
54	Text ScreenTips	всплывающие текстовые подсказки	мәтіндік қалқыма сөзкөмектер
55	transition style	стиль переходов	өту мәнері
56	Translation Interface ScreenTips	всплывающие подсказки интерфейса с переводом	тілдесудің аудармалы қалқыма сөзкөмектері
57	Translation Text ScreenTips	всплывающие текстовые подсказки с переводом	мәтіндік аудармалы қалқыма сөзкөмектер
58	Trusted Documents	надежные документы	сенімді құжаттар
59	absolute URL	абсолютный URL	URL нақпа-нақ мекенжайы
60	authentication	проверка подлинности	түпнұсқалық растама
61	calendar information	информация календаря	күнтізбе мәліметтері

62	client application	клиентское приложение	тұтынғыштық бағдарлама	
63	Belarus	Беларусь	Беларусь	
64	access control list	список управления доступом	қатынасты басқару тізімі	
65	current	текущий	ағымдағы	
66	display	отображать	көрсету	
67	Distribution List	Список распределения	Тарату тізімі	
68	end date	дата завершения	аяқталу күні	Аяқталу
69	group level	уровень группировки	топ деңгейі	Топтар деңгейі
70	Inbox	Входящие	Кіріс	
71	Message Body	текст сообщения	хабар мәтіні	
72	Microsoft Management Console	консоль управления MMC	MMC басқару консолі	
73	migrate	перемещать	тасымалдау	
74	Dynamic link library	DLL-файл	динамикалық құрастыру кітапханасы	
75	object model	модель объекта	нысандар үлгісі	
76	option button	переключатель	ажырата қосқыш	Ауыстырып қосқыш
77	Outbox	Исходящие	Шығыс	
78	Safe Recipients List	Список надежных получателей	Қауіпсіз алушылар тізімі	
79	proxy server	прокси-сервер	прокси-сервер	
80	Safe Senders List	Список надежных отправителей	Қауіпсіз жіберушілер тізімі	Қауіпсіз жолдаушылар тізімі
81	network name	сетевое название	желілік атау	
82	axis	ось	ось	өзек
83	address	адрес	мекенжай	

84	someone@ example.com	proverka@ example.com	tekseru@example. com	
85	system administrator	системный администратор	Жүйелік әкімші	
86	WebDAV	протокол WebDAV	WebDAV тілдесу тәсілі	
87	United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland	Соединённое Королевство Великобритании и Северной Ирландии	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі	
88	Seychelles	Сейшельские острова	Сейшел аралдары	
89	reminder	напоминание	еске салғыш	
90	virtual private network	виртуальная частная сеть	ауани жеке желі	



Microsoft Office 14 (келесі нұсқасы 2007 нұсқасынан кейін іске қосуға арналған АТ терминдері сөздігі)

#	Ағылшынша нұсқасы	Орысша нұсқасы	Қазақша нұсқасы	Ұсыныс
1	Personal Information Manager	диспетчер личных сведений	жеке ақпаратты басқарушы	
2	redirect	перенаправить	бағытын өзгерту	
3	event logging	ведение журнала событий	оқиғаларды журналға тіркеу	
4	logging	ведение журнала	журнал жүргізу	
5	session	сеанс	сеанс	
6	in a call	говорю по телефону	қоңырау шалудамын	
7	voice mail	голосовая почта	дауыстық пошта	
8	instant message session	сеанс обмена мгновенными сообщениями	жедел хабар сеансы	
9	IM	IM	IM	
10	instant message	мгновенное сообщение	жедел хабар	
11	conference call	конференция	конференция	
12	TCP	протокол TCP	TCP хаттамасы	
13	participant list	список участников	қатысушылар тізімі	
14	address book	адресная книга	мекенжай кітабы	
15	status alert	оповещение о состоянии	күй жөніндегі ескерту	
16	conversation subject	тема беседы	сұхбат тақырыбы	
17	Notify	уведомить	хабарлау	
18	presence	присутствие	болу	қатысу
19	provision	подготовить к работе	дайындау	Жұмысқа дайындау

20	voice call	голосовой звонок	дауыстық қоңырау	
21	availability	доступность	қолжетімділік	
22	status	состояние	күй	статус
23	contact information	контактные данные	істес кісі мәліметтері	Серіктестер мәліметтері
24	video conversation	видеобеседа	бейнесұхбат	
25	Microsoft Software License Terms	условия лицензионного соглашения на использование программного обеспечения корпорации Майкрософт	Microsoft бағдарламалық жасақтамасының лицензиялық келісім шарттары	
26	subscribe	подписаться	жазылу	
27	participant	участник	қатысушы	
28	main window	главное окно	негізгі терезе	
29	Blocked	заблокирован	құрсауланған	
30	alert	оповестить	ескерту	
31	forward	переадресовать, перенаправить	әрі қарай жіберу	
32	SIP	протокол SIP	SIP хаттамасы	
33	alert	оповещение, предупреждение	ескерту	
34	Hold	удержание	ұстау	
35	contact	контактное лицо	істес кісі	серіктес
36	access level	уровень доступа	қатынау деңгейі	
37	emoticon	смайлик	көңіл-күй таңбасы	
38	connection	соединение	қосылым	
39	communications service	служба мгновенных сообщений	жедел байланыс қызметі	

40	file transfer	передача файла	файл жіберу	Файл жолдау
41	conversation invitation	приглашение участвовать в беседе	сұхбатқа шақыру	
42	friendly name	понятное имя	оңай ат	Түсінікті ат
43	meeting participant	участник собрания	жиналысқа қатысушы	
44	participant	участник	қатысушы	
45	chat	разговор	сұхбат	
46	group name	имя группы	топ аты	
47	Enterprise Voice client	клиент Enterprise Voice	Enterprise Voice тұтынушысы	
48	unidentified caller	неопознанный звонящий	танылмаған қоңырау шалушы	
49	handset	трубка	телефон тұтқасы	
50	accept	принять	қабылдау	
51	reply	ответ	жауап	
52	lobby	«зал ожидания»	қабылдау бөлімі	
53	caller	звонящий	қоңырау шалушы	
54	answer	ответить	жауап беру	
55	Tag for Presence Alerts	Получать оповещения о присутствии	Болу жөніндегі ескерту таңбасы	Қатысу жөніндегі ескерту
56	delegate	делегат	делегат	
57	call logs	журналы звонков	қоңыраулар журналы	
58	Conferencing Add-in for Microsoft Office Outlook	настройка конференц-связи для Microsoft Office Outlook	Microsoft Office Outlook бағдарламасының конференциялық байланыс қондырмасы	
59	data-sharing session	сеанс совместного использования данных	деректерді ортақ пайдалану сеансы	

60	dial in manually	набрать на телефоне вручную	қолмен теру	
61	disconnected	разъединен	ажыратылды	
62	group member	член группы	топ мүшесі	
63	incoming video	входящее видео	кіріс бейне	
64	main video	основное видео	негізгі бейне	
65	attendant console	консоль оператора	оператор консолі	
66	call group	группа звонков	қоңырау шалу тобы	
67	group call	групповой звонок	топтық қоңырау	
68	delayed group call	групповой звонок с задержкой	кідіртілген топтық қоңырау	
69	working hours	рабочее время	жұмыс уақыты	
70	ring	издавать сигнал	қоңырау	
71	PIC contact	контакт PIC	PIC істес кісісі	PIC серіктесі
72	public IM contact	контакт IM	IM істес кісісін жариялау	IM серіктесі
73	public instant messenger contact	контакт общедоступной системы мгновенных сообщений	жалпыға ортақ жедел хабар жіберуші істес кісісі	жалпыға ортақ жедел хабар жіберуші серіктес
74	Out of Office message	сообщение об отсутствии на рабочем месте	«Орнымда жоқ» хабары	
75	Dial-In Conferencing	конференц-связь с телефонным подключением	Терілмелі конференциялық байланыс	
76	conferencing service	служба конференц-связи	конференциялық байланыс қызметі	
77	presence alert	оповещение о состоянии	болу жөніндегі ескерту	қатысу жөніндегі ескерту

Microsoft Dynamics CRM 4.0
іске қосуға арналған АТ терминдері сөздігі

#	Ағылшынша нұсқасы	Орысша нұсқасы	Қазақша нұсқасы	Ұсыныс
1	GUID	GUID	GUID ұқсатқышы	
2	unique identifier	уникальный идентификатор	бір мәнді ұқсатқыш	
3	active	активный	белсенді	
4	asynchronous operation	асинхронная операция	үндестірілмеген амал	
5	campaign	кампания	науқан	
6	campaign item	элемент кампании	науқан элементі	
7	customize	настраивать	теңшеу	
8	data field	поле данных	деректер өрісі	
9	group	группа	топ	
10	inactive	неактивный	енжар	
11	job	задание	тапсырма	
12	metadata	метаданные	метадеректер	
13	pipeline	конвейер	конвейер	
14	plug-in	подключаемый модуль	қосылатын модуль	
15	property	свойство	сипат	
16	query	запрос	сұрау	
17	SIC		Стандарты салалық сыныптама	
18	Standard Industrial Classification		Стандарты салалық сыныптама	
19	subsidiary	дочернее подразделение	еншілес бөлімше	

20	Web client	веб-клиент	веб-тұтынғыш	
21	result set	результатирующий набор	сұрау нәтижесі	
22	asynchronous	асинхронный	үндестірілмеген	
23	event handler	обработчик событий	оқиғалар өндегіші	
24	MUI Pack	пакет многоязыкового интерфейса пользователя	көп тілді пайдаланушы тілдесуінің бумасы	
25	Multilingual User Interface Pack	пакет многоязыкового пользовательского интерфейса	Көп тілді пайдаланушы тілдесуінің бумасы	
26	activity	действие	әрекет	
27	business activity	деловая активность	іскерлік әрекет	Іскерлік белсенділігі
28	competitor	конкурент	бәсекелес	
29	extended amount	полная сумма	толық баға	
30	opportunity	возможная сделка	мүмкіндік	
31	allotment type	принцип расчета	қызметке қатынас түрі	Есептік принциптер
32	case	обращение	іс	
33	contact	контакт	істес кісі	серіктес
34	customer	клиент	тұтынушы	
35	customer service representative	представитель отдела обслуживания клиентов представитель Центра информационной поддержки клиентов	тұтынушыға қызмет көрсету өкілі	



36	CSR	представитель отдела обслужи- вания клиентов представитель Центра информационной поддержки клиентов	тұтынушыға қызмет көрсету өкілі	
37	freight terms	условия поставки	жеткізу шарттары	
38	order	заказ	тапсырыс	
39	site map	карта веб-узла	торап картасы	
40	contract	контракт	келісім-шарт	
41	Advanced Find	расширенный поиск	кеңейтілген іздеу	
42	Allotments Remaining	остаток	қалдық	
43	Allotments Used	использовано	пайдаланылғаны	
44	Arrived	прибыл	келген	қосылған
45	base unit	базовая единица измерения	негізгі өлшембірлік	
46	business closure	нерабочий день	қызмет етпейтін күндер	
47	Business Unit Settings	параметры подразделения	бөлім параметрлері	
48	contract line	строка контракта	келісім-шарт жолы	
49	fiscal period	финансовый период	қаржы кезеңі	
50	invoice	счет	есеп-шот	
51	quantity selling option	варианты продаж	сату нұсқасы	
52	relationship role	роль в отношениях	қарым- қатынастар рөлі	

53	synchronous	синхронный	үндестірілген
54	product catalog	каталог продукции	өнім каталогы
55	member	участник	мүше, қатысушы
56	subscription	подписка	жазылым
57	kit	комплект	жинақ
58	sales pipeline	канал продаж	сату арнасы
59	pipeline	процесс продаж	сату үрдісі
60	unshare	отменить общий доступ	ортақтасуды болдырмау
61	invoice	накладная	жөнелтпе құжат
62	workflow	бизнес-правило	іскери ереже
63	discount	скидка	шегерім
64	document type	тип документа	құжат түрі
65	system event	системное событие	жүйелік оқиға
66	SIC code	код отрасли	Стандартты салалық сыныптама коды
67	Standard Industrial Classification code	код отрасли	Стандартты салалық сыныптама коды
68	allotment	выделенный объем	бөлінген көлем
69	bill-to address	адрес выставления счета	есеп-шот шығару мекенжайы
70	parent business unit	головное подразделение	бас бөлімше
71	service activity	действие сервиса	қызмет әрекеті
72	open	открыто	ашық
73	queue	список ожидания	кезек тізімі

74	resolve	разрешать	шешу	Рұқсат ету
75	subject tree	дерево тем	тақырыптар дерекнамасы	
76	mashup	составное приложение	құрама бағдарлама	
77	web application hybrid	гибридное веб-приложение	гибридтік веб-бағдарлама	
78	division	отделение	бөлім	
79	invoice product	продукт для счета	есеп-шот өнімі	
80	activate	сделать активным	белсендіру	
81	Address Name	название	мекенжай атауы	
82	base language	базовый язык	негізгі тіл	
83	base report	предопределенный отчет	негізгі есеп	
84	Days Neglected	пропущенные дни	бос жіберілген күндер	
85	duplicate detection	поиск повторяющихся данных	қайталанатын деректерді іздеу	
86	direction code	код направления	бағыт коды	
87	first name	имя	аты	
88	last name	фамилия	тегі	
89	substitute product	заменитель продукта	өнімді орын басушы	өнімді алмастырғыш
90	substitute	заменитель	орын басушы	Алмастырғыш
91	system job	системное задание	жүйелік тапсырма	
92	tax	налог	салық	
93	sub-account	дочерняя организация	еншілес ұйым	

94	Time Off	выходные	демалыс күндер	
95	subordinate record	подчиненная запись	бағынышты жазба	
96	Announcement	объявление	хабарландыру	
97	budget allocated	выделенный бюджет	бөлінген бюджет	
98	campaign response	контракт от кампании	науқанға жауап	Науқандық келісім-шарт
99	Competitor Win Loss	реализация и потери при конкуренции	бәсеке жағдайындағы ұту және шығындану	
100	contract address	адрес по контракту	келісім-шарт бойынша мекенжай	
101	Cost Increase	повышение стоимости	құнның артуы	
102	Follow Up	дальнейшие действия	кейінгі әрекеттер	
103	Invoice ID	номер счета	есеп-шот нөмірі	
104	Microsoft CRM Database Profile Wizard	мастер профиля использования базы данных Microsoft CRM	Microsoft CRM дерекқорын қолдану профилінің шебері	
105	Microsoft CRM Implementation Guide	руководство по внедрению Microsoft CRM	Microsoft CRM ендіру нұсқаулығы	
106	Microsoft Dynamics CRM Data Migration Tool	средство переноса данных Microsoft Dynamics CRM	Microsoft Dynamics CRM деректерін ауыстыру құралы	

107	Microsoft Dynamics CRM Office client configuration wizard	мастер настройки клиента Office для Microsoft Dynamics CRM	Microsoft Dynamics CRM Office тұтынушыны түрлендіру шебері	
108	Override Price	переопределить цену	бағаны алдын ала анықтау	
109	override	переопределить	алдын ала анықтау	
110	parent account	головная организация	бас ұйым	
111	single language pack	языковой пакет для одного языка	бір тілдік бума	
112	SLP	языковой пакет для одного языка	бір тілдік бума	
113	sample data wizard	мастер примеров данных	деректер үлгілерінің шебері	
114	snapshot definition	определение моментального снимка	лезде түсіру анықтамасы	
115	Phone Call	звонок	телефон қоңырауы	
116	price list item	позиция прайс-листа	прайс-лист элементі	
117	product ID	артикул	өнім артикулы	
118	pre-freight amount	стоимость без поставки	жеткізуге дейінгі құн	
119	freight	стоимость поставки	жеткізу құны	
120	reason ID	код причины	себеп нөмірі	
121	campaign activity	действие кампании	науқан әрекеті	

122	parent picklist	родительское поле выбора	ата-аналық таңдау тізімі	Тектік таңдау
123	workflow step	шаг бизнес-правила	іскери ереже қадамы	
124	write-in product	вписанный продукт	енгізілген өнім	Қосылған өнім
125	ownership	тип собственности	меншік түрі	
126	Show Time As	отображать время как	уақытты көрсету тәсілі	
127	picklist	поле выбора	таңдау тізімі	
128	Microsoft Dynamics CRM Live	Microsoft Dynamics CRM Live	Microsoft Dynamics CRM Live	
129	workflow job	задание бизнес-правила	іскери ереже тапсырмасы	
130	parent business	головное подразделение	бас бөлімше	
131	marketing list	маркетинговый список	маркетингтік тізім	
132	Sales	продажи	сауда	
133	Sales Force Automation	автоматизация работы отдела продаж	сату бөлімінің жұмысын автоматтандыру	
134	E-mail Router Configuration Wizard	мастер настройки почты	электрондық пошта теңшеу шебері	Электрондық пошта реттеу шебері
135	customer	клиент	тұтынушы	
136	General	общие сведения	Жалпы мәліметтер	
137	sub-contact	дочерний контакт	еншілес істес кісі	Еншілес серіктес

138	Budget Allocated	выделенный бюджет	бөлінген бюджет	
139	entity	объект	нысан	
140	billing address information	сведения об адресе для выставления счетов	есеп-шот мекенжайы ақпараты	
141	account number	код организации	ұйым коды	
142	Business Phone	рабочий телефон	іскери телефон	
143	Health Monitor	монитор работоспособности	жұмысқа қабілеттілік мониторы	
144	Ownership	тип собственности	меншік түрі	
145	order ID	номер заказа	тапсырыс нөмірі	
146	current cost	текущая стоимость	ағымдағы құны	
147	follow-up activity	дальнейшее действие	кейінгі әрекет	
148	Global	глобальный	ғаламдық	
149	owner	ответственный	жауапты	
150	percent margin	процент маржи	маржа пайызы	
151	percent markup	процент наценки	үстеме баға пайызы	
152	percent of list	процент от цены	құн пайызы	Баға пайызы
153	trigger event	событие-триггер	триггер-оқиға	
154	multicurrency	многовалютный	көпвалюта	көпвалюта-лық
155	multicurrency feature	многовалютные возможности	көпвалюта мүмкіндіктері	көпвалюта-лық мүмкіндіктер
156	Parent: Child Business Units	подразделения и дочерние подразделения	Ата-ана: еншілес іскери бөлімшелер	Тегі: еншілес іскери бөлімшелер

157	parent customer	родительский клиент	ата-ана тұтынушысы	Тектік тұтынушы
158	Line Item Order	заказ позиции строки	жол элементінің тапсырысы	
159	secondary customer	дополнительный клиент	қосымша тұтынушы	
160	State/Province	область, республика, край, округ	облыс/аудан	
161	Schedule	расписание	кесте	
162	automatic workflow	автоматическое бизнес-правило	автоматты іскери ереже	
163	Activity Propagation	распределение действий	әрекеттерді тарату	
164	Bulk Deletion	массовое удаление	жаппай жою	
165	Bulk Duplicate Detection	массовое обнаружение повторяющихся записей	қайталама жазбаларды жаппай жою	
166	Bulk E-mail	массовая рассылка электронной почты	электрондық поштамен жаппай жіберу	Электрондық поштамен жаппай жолдау
167	Duplicate Detection Rule Publication	публикация правила обнаружения повторяющихся записей	қайталама жазбаларды табу ережелерін жариялау	
168	Import File Parse	анализ файла импорта	импорттау файлы талдау	Импорт файлы талдау
169	Match Code Update	обновление кодов сопоставления	салыстыру кодын жаңарту	
170	SQM Data Collection	сбор данных SQM	SQM деректерін жинақтау	



171	Transform Parse	анализ преобразования	түрлендіру талдауы	
172	branch element	элемент ветвления	тармақ элементі	
173	branch	ветвление	тармақ	тармақтану
174	on-demand workflow	бизнес-правило с запуском вручную	қолмен жегілетін іскери ереже	Қолмен қосылған іскери ереже
175	child workflow	дочернее бизнес-правило	еншілес іскери ереже	
176	workflow template	шаблон бизнес-правила	іскери ереже үлгісі	іскери ереже шаблону
177	wait condition	условие ожидания	күту шарты	
178	otherwise element	альтернативный элемент	балама элемент	
179	workflow condition	условие бизнес-правила	іскери ереже шарты	
180	workflow option	параметр бизнес-правила	іскери ереже параметрі	
181	parallel branch	параллельная ветвь	параллель тармақ	
182	workflow stage	стадия бизнес-правила	іскери ереже кезені	
183	stage	стадия	кезең	
184	workflow action	действие бизнес-правила	іскери ереже әрекеті	
185	data map	сопоставление данных	деректерді салыстыру	
186	forward mailbox	почтовый ящик для пересылки	қайта жіберу пошта жәшігі	
187	Report Wizard	мастер отчетов	есептер шебері	
188	Platform Server Role	роль сервера платформы	тұғыр серверінің рөлі	
189	Application Server role	роль сервера приложений	бағдарлама серверінің рөлі	

190	report signature	подпись отчета	есеп қолтаңбасы	
191	drill-through report	детализированный отчет	егжей-тегжейлі есеп	
192	sub-report	вложенный отчет	кірістірілген есеп	
193	E-mail Router configuration profile	профиль настройки маршрутизатора электронной почты	Электрондық пошта жол жоспарлағышының теңшеу профайлы	Электрондық пошта жол жоспарлағышының реттеу профайлы
194	opportunity relationship	отношение с клиентом	тұтынушымен қарым-қатынас	
195	entity relationship	отношения элементов	нысандар қатынасы	Элементтер қатынасы
196	hosted	размещенный	орналастырылған	
197	matchcode	код сопоставления	іздеу коды	
198	client extension control	элемент управления расширения клиента	тұтынушыны кеңейтуді басқару элементі	
199	client extension	расширение клиента	тұтынушыны кеңейту	
200	data center	центр обработки данных	деректерді өңдеу орталығы	
201	declarative workflow	декларативное бизнес-правило	жарияланатын іскери ереже	
202	pluggable authentication	модульная проверка подлинности	модульдік түпнұсқалық растама	
203	workflow definition	определение бизнес-правила	іскери ереже анықтамасы	
204	workflow policy	политика бизнес-правила	іскери ереже саясаты	

205	workflow activation	активация бизнес-правила	іскери ережені белсендіру	
206	workflow activity	действие бизнес-правила	іскери ереже әрекеті	
207	workflow registration	регистрация бизнес-правила	іскери ереже тіркемесі	
208	event framework	инфраструктура обработки событий	оқиғаларды өңдеу инфрақұрылымы	
209	multitenancy	архитектура обслуживания одним экземпляром приложения нескольких развертываний	көптіістілік	
210	multitenant	поддерживающий архитектуру обслуживания одним экземпляром приложения нескольких развертываний	көптіісті	
211	post-event	событие после операции	оқиғадан кейінгі	Оқиғадан кейінгі
212	pre-event	событие до операции	оқиғаға дейінгі	
213	partial class	разделяемый класс	бөлінетін сынып	
214	customer relationship	взаимоотношения с клиентами	тұтынушымен қарым-қатынас	
215	on-premises	локальный	жергілікті	

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулардың жасалу жолдары мен баспа-сөзде қолданылуы», *филология ғылымдарының докторы, ал-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры* Б. Момынованың «Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминдерді қалыптастыру мәселесі туралы» деп аталатын мақалалары беріліп отыр.



Шерубай Құрманбайұлы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры

Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулардың жасалу жолдары мен баспасөзде қолданылуы

Тәуелсіздік тұсында жасалып, қазіргі тілімізде қолданылып жүрген атауларды ең алдымен қазақтың өз сөздері мен қосымшалары негізінде жасалған және бір бөлігі қазақ сөзінен немесе қосымшалардан қалған бөлігі кірме сөздер мен қосымшалардан тұратын будан (гибрид) атаулар деп екіге жіктеуге болады. Қазақтың төл сөздерін терминдендіру немесе сөзжасам тәсілдерін пайдалану жолымен жасалған атаулардың да, аралас тұлғалы «будан» атаулардың да жасалу жолдарын тілдік тұрғыдан талдау өте маңызды. Тіліміздегі сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің және сөз тудырушы жұрнақтардың қайсысы өнімділік танытқанын, керісінше, қай тәсіл мен қосымшалардың аз пайдаланылғанын, аралас тұлғалы сөздердің қалай жасалып жатқанын да анықтау қажет. Сол арқылы біз жаңа атаулар мен терминдердің баспасөздегі қолданысын, олардың жұртшылық тарапынан қабылдану деңгейін, бүгінгі баспасөздің термин қалыптастырудағы рөлін анықтай аламыз. Егер біз алдымен баспасөздегі, одан соң арнаулы салалардағы қалыптасып үлгерген жаңа атаулар мен әлі қалыптасу үстіндегі жаңа қолданыстарды жиып-теріп, оларға талдау жасайтын болсақ, қазіргі сөзжасам, терминжасам үдерісінің жалпы бағытын, термин шығармашылығының бүгінгі жай-күйін нақты сипаттау мүмкіндігіне ие боламыз.

Қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданылып жүрген лексика-семантикалық тәсілмен жасалған жаңа сөздер

Бүгінгі баспасөз беттерінде кездесетін жаңа қолданыстардың бірқатары бұрынғы мағынасы кеңейіп, тарылып немесе мүлде басқаша жаңа мағынаға ие болған тілімізде бұрыннан бар атаулар. Мұндай қолданыстардың арасында жаппай қолданысқа көшіп, тілде орныға

бастағандары бар да, бірнеше балама атаулармен қатар қолданылып әлі басымдыққа ие бола қоймағандары да бар.

Қазіргі баспасөзде тіліміздің түрлі лексикалық қабаттарынан дайын қалпында алынып, бірқатары бастапқы мағынасында, басым көпшілігі түрлі деңгейдегі мағыналық өзгерістермен қолданыс тауып жүрген *ағза*, *бағам*, *даңғыл*, *дәргей*, *діл*, *жиек*, *кеден*, *кент*, *құжат*, *мұрат*, *нарық*, *нысан*, *ота*, *өңір*, *рәміз*, *рәсім*, *рәуиш*, *сардар*, *серке*, *содыр*, *түлек*, *тығын*, *ұжым*, *үйек*, *үрдіс*, *шатыр* сынды сөздер кездеседі. Шығу төркініне үнілсек, бұлардың бір тобы қазақ тіліне ертеректе еніп, лексикалық қорымызға әбден сіңіп кеткендіктен, кірмелігі бірден байқала бермейтін араб-парсы сөздері болып шығады да, енді бірқатары байырғы өз сөздеріміз екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен, *ағза*, *діл*, *құжат*, *мұрат*, *нарық*, *нысан*, *рәміз*, *рәсім*, *рәуиш*, *шатыр* тілімізге араб-парсы тілінен енген сөздер. Бұл сөздердің бірді-екілісі болмаса, басым көпшілігіне тән ортақ ерекшелігі – пассив сөздер қатарында болып, сирек қолданылып келгендігі. Архаизм, историзм қатарына еніп, о бастағы мағыналары мүлдем ұмытылып немесе көмескі тартып келгендері де бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығына, қазақша сөз жасауға көңіл бөліне бастаған кейінгі 15-20 жыл көлемінде осындай қалтарыста қалып келген атаулар, көнерген сөздер мамандар назарына ілікті. Мысалы, *дәргей*, *кеден*, *кент*, *құжат*, *нысан*, *ота*, *рәміз*, *рәсім*, *рәуиш*, *сардар*, *ұжым*, *үйек*, *үрдіс* сөздері өте сирек қолданылып, мағыналары көмескі тарта бастаған атаулар еді. Олардың бастапқы мағынасы негізге алына отырып, оған қосымша мағына жүктеу арқылы жаңаша қолданысқа енді. Бұл атаулардың бірқатары белгілі бір аумақта ғана қолданылып келген жергілікті сөздер. Мысалы, «*құжат*» сөзі Алматы облысының Нарынқол, Кеген аудандарында қазіргі мағынасында, «*ұжым*» сөзі Семей облысының Абай ауданында «*ұйым*» мағынасында, «*үрдіс*» атауы Түркменстан, Қарақалпақстан және Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жекелеген аудандарында әдет, дәстүр мағынасында қолданылып келген. Аумақтық қолданыспен шектеліп келген бұл жергілікті сөздер аздаған мағыналық өзгерістерге ұшырау арқылы терминденіп, қазір ресми бекітілген терминдер қатарына қосылды. Осы сияқты *дәргей*, *кеден*, *кент*, *рәміз*, *рәсім*, *ұжым* сөздері де Мемтерминком тарапынан бекітіліп, жаппай қолдануға ұсынылған атаулар. Ал *мұрат*, *нарық*, *өңір*, *серке*, *содыр*, *түлек*, *тығын* сөздері көнерген лексика қатарына енбеген, белгілі бір аумақпен де шектелмей, жалпыхалықтық тілде осыған дейін де қолданылып келген атаулар. Бұлар да осы уақытқа дейінгі білдіріп келген мағыналарынан біршама өзгеше немесе мүлдем



жаңа мағынада қолданысқа көшкен сөздер. «Сотқар, тентек, бұзақы» деген мағынаны білдіретін «содыр» сөзі «саясатта тым солақай көзқарасты жақтаушы» деген мағына беретін «экстремист» сөзінің баламасы ретінде жұмсала бастады. Экстремистің әрекетінде сотқарлық, бұзақылық бар. Оның саяси мақсатына заңсыз, шектен шыққан әрекеттері арқылы қол жеткізуге баруын тентектік, бұзақылық ретінде қабылдау, содырға ұқсату бұл сөздің «экстеремистің» баламасы болуына негіз болған. Жалпы әдеби тілдегі «қыран құстың жасқа толған, бабына келген ұшар кезі» деген мағынаны білдіретін «түлек» сөзі, кейінгі жылдары «мектепті, жоғары оқу орнын бітіруші» деген мағынаны қоса жүктеп, орыс тіліндегі «выпускник» сөзінің баламасы ретінде қолданыс тауып жүр. Бұл оқу бітірушіні қанаттанып, өз бетімен ұшуға дайын болған қыран құсқа ұқсатудан, соған тенеуден пайда болған атау. Қыран құстардың балапандары жетіліп, қанаттары қатайып өскен ұясынан ұшатын кезге жеткені сияқты, оқу бітірушілер де білім алып, маманданып, әрі есейіп үлкен өмірге аяқ басатын сәтке жетеді. Осындай ұқсату «түлек» сөзінің орыс тіліндегі «выпускник» сөзінің баламасына айналуына себеп болған. Тіліміздегі «серке» сөзінің мағынасында өзінің тура мағынасымен қатар «топты бастаушы, жетекші» деген де мағына бар. Серке бүкіл отарды бастайды. «Ай мүйізді ақ серке қой бастайды...» деп серкенің жетекшілік рөлін халық ән-жырына арқау еткен. Серкенің осы қасиеті өз тіліміздегі «серке» сөзінің «көпке жетекшілік, басшылық етуші» деген мағынаны білдіретін орыс тіліндегі «лидер» сөзінің орнын алмастыруына себепкер болған. Алайда бұл жерде, «лидердің» баламасы ретінде «серкемен» қатар жарыса ұсынылып жүрген біріккен сөз «көшбасшының» әлдеқайда жиі қолданылатын айтқан орынды. Дәлірек айтқанда, «көшбасшы» атауы басымдыққа ие болып, «лидердің» баламасы ретінде орныға бастады дегуге болады. Ал «тығын» атауы тілімізде «бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығылатын зат» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің орыс тіліндегі «пробка» (транспортная) сөзінің баламасы ретінде ұсынылуына осы мағынадағы «тығылуы», «тығындалуы» семасының себеп болуы да мүмкін. Дегенмен, одан гөрі көліктің көптігінен көшедегі олардың қалыпты қозғалысының бұзылып, тоқталып қалуын білдіретін орыс тіліндегі «пробка» сөзінің тікелей «тығын» деп аудару арқылы, дәлірек айтқанда, қазақ тіліндегі бұрыннан бар баламасына жаңа мағына жүктеу пайда болған дегуге негіз жеткілікті.

Өңір, өлке, аймақ, аумақ сөздері синоним ретінде жұмсала беретін. Жалпы әдеби тілдегі, көркем әдебиеттегі олардың контекстік

қолданысын шектеудің реті жоқ. Алайда, осы атаулар аударма жасау, түрлі ресми құжаттарда қолдану кезінде бірінің орнына бірі жұмсалып, бірізділік сақтала бермейтіндіктен, олардың аражігі ажыратылып, Мемтерминкомның 2002 жылғы 11 желтоқсандағы мәжілісінде *өңір – регион, аймақ – зона, өлке – край, аумақ – территория* түрінде ресми бекітілді.

Кейбір жаңа қолданыстар баспасөзде бір-екі рет қана көрініс беріп, одан кейін ол мағынада жұмсалмауы да мүмкін. Бұл баспасөздегі сөз қолданысын қалт жібермей мұқият қадағалап отырған жағдайда ғана байқалып отыратын құбылыс. Өкінішке қарай, осындай жұмыс бізде тұрақты түрде жүзеге аса бермейді.

Бұрын «игілік» сөзі негізінен «благо» сөзінің баламасы ретінде жұмсалып келген болса, «Самұрық» және «Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры құрылған кезде кейбір басылымдар осы қор атауының құрамында кездесетін орыс тіліндегі «благосостояние» сөзін «игілік» деп аударып қолданды. Мысалы, Мәжілісте Президент «Самұрық» және «Қазына» ұлттық холдингтері біріктіріліп, олардың негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық игілік қоры құрылғанын жария етті. («Астана ақшамы», 14 қазан 2008 жыл. № 121 (2285)). Бірақ бұл қолданыс сол күндері жарық көрген бірді-екілі басылымда ғана кездесті. Артынша, республикалық негізгі ресми басылымдардағыдай «әл-ауқат» сөзі ғана қолданылатын болды.

Қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданылып жүрген жұрнақтар арқылы жасалған жаңа атаулар

Бүгінгі баспасөзде қолданылып жүрген жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды жинақтап, оларды жасалу жолдарына қарай іштей жіктегенде, олардың едәуір бөлігінің сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер екендігін аңғардық. Олар мына төмендегі атаулар:

-шы/-ші: *айтушы, аяқдопшы, әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы, жолшы, жүргінші, зілтемірші, кеденші, көсемсөзші, көшбасшы, мәндісөзші, мұрағатшы, парашы, пәтерші, салықшы, салымшы, сәйкестеуші, тапсырысшы* т.б.

-м, -ым/-ім: *әзірленім, басылым, белсенім, елтаным, жарияланым, жинам, жөнелтім, көрсетілім, қантаным, оқылым, өтінім, өсім, салым, сұраным, таныстырылым, таралым, төтем, төлем, ұстаным, шақырылым* т.б.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: *әкімдік, балапаздық, біртектілік, достастық, елжандылық, жемқорлық, зайырлылық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, отансүйгіштік, парашылдық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық, іскерлік* т.б.

-нама/-дама: *әдепнама, әдіснама, әлеуметнама, дерекнама, жаднама, жарнама, жұлдызнама, заңнама, қазанама, құбылнама, сауалнама/сауалдама, сырқатнама (қағазы), тұжырымдама, тұғырнама* т.б.

-гер/-кер: *алаугер, әкімгер, борышкер, білімгер, бітімгер, дәріскер, заңгер, зейнеткер, кәсіпкер, қарызгер, сазгер, сахнагер, сөзгер, талапкер, үлескер, іскер, (киногер)* т.б.

-ма/-ме, -па/-пе: *бүктеме, жүктеме, көшірме, қағытпа, қайталама, мәлімдеме, мөлшерлеме, түйіндеме, үстеме, хаттама* т.б.

-хана: *зертхана, құмархана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана, намазхана* т.б.

-ыс/-іс: *доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс* т.б.

-ақ/-ек: *кептелек, өткелек; -ғыш/-гіш: суреттегіш, оқшаулағыш; -уыш/-уіш: тыңдауыш; -ша/-ше: парақша; -ман/-мен: оралман; -паз: масқарапаз; -кес: лаңкес; -шілік/-шылық: бітімгершілік.*

Қазақ тіліндегі бірқатар жұрнақтар сөз тудырудағы қалыптасқан белсендігін сақтап қалған. Солардың бірі **-шы/-ші** жұрнағы. Бұл жұрнақ сөз жасау үдерісінде бұрыннан-ақ өнімділік танытып келген. Баспасөз материалдары бұл жұрнақтың қазіргі таңда да өнімділік танытып, сөз тудыру жағынан алдыңғы орында тұрғанын көрсетеді. Бұл үлгімен жасалған атаулардың арасынан *айтушы, аяқдопшы, жолшы, зілтемірші, мәндісөзші, көсемсөзші, парашы, пәтерші, салықшы, сәйкестеуші* сында атаулардың бірі жеке ұсыныс түрінде айтылумен шектеліп, енді бірі сирек қолданылып жүрсе, *әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы, жүргінші, кеденші, көшбасшы, мұрағатшы, салымшы, тапсырысшы* тәрізді бір топ сөздер негізінен қазір жиі қолданылатын, жұрт жатсынбайтын дәрежеге жетті.

Өнімді жұрнақтар қатарында саналып келген **лық/-лік** (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнағы да сөзжасам үдерісіндегі белсенділігін сақтап қалған. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған *әкімдік, достастық, жемқорлық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық* іскерлік тәрізді атаулар бүгін жаппай қолданатын атаулар қатарына қосылып үлгерді. «Әкімдік» атауының жарыспа нұсқасы «әкімият» ішінара қолданылып жүргенімен, Мемтерминком ресми бекіткен «әкімдік» сөзі айқын басымдыққа ие бола бастағанын

аңғаруға болады. Ал *балапаздық, біртектілік, елжандылық, елшілдік, зайырлылық, отансүйгіштік, отаншылдық, парашылдық* сынды атаулар әлі сұрыпталу кезеңінен өте қойған жоқ. Мәселен, орыс тіліндегі бір ғана «патриотизм» сөзінің баламасы ретінде *елжандылық, елшілдік, отаншылдық, отансүйгіштік* сөздері жарыса қолданылып жүр. Әрине, бұл атаулардың бірін «патриотизмнің» баламасы ретінде орнықтырғанның өзінде, қалғандары өзіндік мағыналық реңктерімен синоним сөздер ретінде жалпы тілде қолданыла берсе, артықтық етпейді деп ойлаймыз.

Кейінгі жылдары *-дық/-дік* үлгісімен жасалып, қолданысқа еніп үлгерген атаулардың бірі «әкімдік» сөзі екендігін жоғарыда айттық. Бұл терминді 2002 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясы ресми бекітіп, жаппай қолдануға ұсынған. «Әкімдік» атауы тілімізде қолданыста бар *өкілдік, елшілік, хандық, әмірлік* сөздерінің үлгісімен жасалған. Дәлірек айтқанда бұл атау ХХ басында жасалған. «Әкімдік» сөзі 1925 жылы Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталған еңбекте «административность» және «власть» сөздерінің қазақша баламасы ретінде көрсетіледі. Бұл термин сол кезеңде біраз қолданылып, сөздіктерге еніп, алайда 30-жылдардан кейін шеттетілген сөздердің бірі. Орыс тіліндегі «администрация» сөзінің баламасы ретінде мұндаға дейін «әкімшілік» сөзі пайдаланылып келген. Президент әкімшілігін де, облыстық әкімшілікті де, қала, аудан, ауыл немесе қонақ үй әкімшілігін де солай атап келген едік. Тілімізде әбден орныққан «әкімшілік» сөзін жаңа сөзбен алмастырудың қандай да бір қажеттігі де туындаған жоқ болатын. Ол қажеттілік облыстық және қалалық, аудандық әкімшіліктерді орысша «администрация» емес, «акимат» деп атаумен байланысты туындады. Алғашқыда осы «акимат» сөзін «әкімият» деп орыс тілі үлгісімен тілімізге бейімдеп алушылар табылды. Бұл сөз орыс тілі үлгісін тікелей көшіру болғандықтан, басқаша сөздер ұсыныла бастады. Орыс тілінде *-ат* суффиксі екі түрлі мағынаны білдіреді:

- а) Адам (лиц). Мысалы, *адрес/ат, ази/ат, депутат/ат, стипенди/ат* т.б.
- ә) Бірнеше адамдар жиынтығы, мекеме (учреждения). Мысалы: *декан/ат, директор/ат, комбин/ат, старост/ат, чемпион/ат, ректор/ат, халиф/ат, султан/ат* т.б. Сондай-ақ, бұл жұрнақтың варианты — *иат*. Мысалы, *комиссар/иат, пролетар/иат, секретар/иат* т.б. Біздің әкімияттың жасалуына негіз болған осы орыс тілінің жұрнағы еді. Ал қазақ тілінде 1) *-ат* жұрнағы *қыр/ат, су/ат, сыз/ат* 2) *-ат* араб тілдегі көптік көрсеткіші. Мысалы, *ақпар/ат, мағлұм/ат, салам/ат* т.б.



Бұл жұрнақтар араб елдерінің мемлекеттік құрылымына қатысты атаулар құрамында да кездеседі. Мысалы: **Сұлтанат** – сұлтан басқаратын монархтық мемлекет. **Халифат** – VII ғасырда құрылған араб мемлекетінің атауы. Халиф – мемлекет басшысының титулы. Ол мұсылмандардың дінбасы да болған. Халифтер Мұхаммедтің ізбасарлары саналған. **Эмират** – кейбір Азия мен Африка елдеріндегі феодалдық мемлекет немесе оның иелігі. XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Бұхар хандығы Эмират деп аталған. Қазір біз орыс тіліндегі Эмиратты (Объединенные арабские эмираты) – Әмірлік «Біріккен араб әмірліктері» деп атап жүрміз. Басқаларын осы ізбен алғаннан кейін, *халифат*, *сұлтанат* атауларын да **-лық/-лік** (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнақтары арқылы *халифтік*, *сұлтандық* деп бірізді атаған орынды болар еді.

Бұрын сөз тудыру үдерісінде сирек пайдаланылып келген **-м**, **-ым/-ім** жұрнағы соңғы жылдары өнімділік таныта бастады. Кейінгі жылдары бұл жұрнақ арқылы жасалған салалық терминдердің саны күрт өсті. Олардың арасынан қазіргі баспасөзде *басылым*, *жарияланым*, *жөнелтім*, *оқылым*, *өсім*, *салым*, *таныстырылым*, *таралым*, *төлем*, *ұстаным*, *шақырылым* сияқты тұрақты қолданысқа көшкен атаулар жиі кездеседі. Ал *әзірленім*, *белсенім*, *елтаным*, *жинам*, *көрсетілім*, *қантаным*, *өтінім*, *сұраным*, *төтем* сияқты бірқатар сөздер сирек қолданыс тауып жатады. Бұлардың *әзірленім*, *төтем* тәрізді бірқатарының қолданысы арнаулы сала шеңберімен шектелсе, қалғандары әлі кең тарай қоймағандықтан және жарыспа нұсқалары болуына байланысты баспасөзден сиректеу көрініс тауып жүр.

Бүгінгі баспасөз беттерінде біршама жиірек қолданылып жүрген атаулардың бір тобы **-нама**(-дама) үлгісімен жасалған сөздер. Осы тұлғадағы сөздердің *әдепнама*, *әдіснама*, *әлеуметнама*, *дерекнама*, *сырқатнама* сынды бірнешеуінен өзге басым көпшілігі қазақ тілді басылымдарда бірізді әрі жиі қолданылып жүр. Мысалы, *жарнама*, *жұлдызнама*, *заңнама*, *қазанама*, *сауалнама*, *тұжырымдама*, *тұғырнама* атауларын бүгінгі жұртшылық жаппай қолданатын сөздер қатарына қосуға болады.

Бұрын аса белсенділігімен ерекшелене қоймаған **-гер/-кер** жұрнағы 90-жылдардан бастап өнімділік таныта бастады. Соңғы 15-20 жылдай уақыт көлемінде бұл жұрнақтың қатысуымен көптеген сөздер туындады. Солардың бірқатары қазіргі қазақ баспасөзінде жиі қолданылып жүр. Жоғарыда біз келтірген мысалдардағы осы жұрнақ арқылы жасалған атаулардың арасында *азаткер*, *борышкер*, *дәріскер*, *зейнеткер*, *кәсіпкер*,

талапкер, үлескер, іскер сынды бірнеше сөз сала мамандары да, жалпы жұртшылық та жатсынбай қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына қосылды. Бұл атаулардың барлығы да (үлескерден басқалары) салалық терминологиялық сөздіктер мен екі тілді аударма сөздіктерде беріліп жүр. Мемтерминком ресми бекіткендері (*талапкер, кәсіпкер, зейнеткер*) де бар. «Үлескерден» өзгелері 2007 жылы 100 000 (жүз мың) дана таралыммен жарық көрген орфографиялық сөздіктің соңғы басылымына да енген. Кейінгі 1-2 жыл көлемінде ғана пайда болған «үлескер» атауы да қазір жаппай бірізді қолданылып жүр. Бұл атау орыс тіліндегі «дольщиктің» баламасы ретінде бірден жаппай қолданысқа көшкен әрі баспасөзде, электронды ақпарат құралдарында өте жиі кездесетін сөзге айналды. Бұдан БАҚ-тардың термин қалыптастырудағы рөлін, ықпалын да байқауға болады. Дәл осы атаудың аз мерзім ішінде жұртшылықтың санасына сіңіп, құлағы үйреніп кетуіне ақпарат құралдарының айрықша ықпал еткенін айту керек. Ал *алаугер, әкімгер, білімгер, бітімгер, қарызгер, сазгер, сахнагер, сөзгер, киногер* сияқты атаулар баспасөзде біршама қолданылып жүргенімен әзірге тілде орныға қоймаған сөздер тобынан. Мәселен, «білімгер» сөзі осы жуырда ғана пайда болды, жиі қолданыла бастады. Ал «алаугер» сөзі 2007 жылдың жазында Бейжің олимпиадасы кезінде пайда болды да, қазір көп кездесе бермейді. «Қарызгер» термині экономикалық сөздіктерде орыс тіліндегі «заемщик» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Баспасөзде де кейінгі уақытта жиірек ұшырасады. «Сазгер» сөзінің «композитордың» баламасы ретінде қолданылып жүргеніне едәуір уақыт өткенімен, бірізді жұмсалатын деңгейге жете алмады. Кәсіби музыканттар мен бірқатар тіл мамандары бұл сөздің «мелодист» сөзіне жақсы балама болатынын айтып жүр. Осы пікірдің негізі бар. *Сахнагер, сөзгер, киногер* сөздері кейінгі уақытта жекелеген авторлар тарапынан қолданыс тауып жүрген жаңа қолданыстар. Бұлар әлі көпшілікке аса таныс емес. -гер жұрнағының кірме сөздерге жалғануы бұрын байқала бермейтін. «Киногер» сияқты бұдан сөздердің пайда болуы бір жағынан қазақ тіліндегі термин шығармашылығының біршама жандана бастауына байланысты туындап отырған құбылыс болса, екінші жағынан бұл -гер жұрнағы өнімділігінің арта түскендігін аңғартады. «Әкімгер» мен «әкімші» жарыса жұмсалып жүргенімен, соңғысының алдыңғысына қарағанда, әлдеқайда жиі қолданылатынын айту керек. Дұрысы «бағдарлама әкімшісі», «қонақ үй әкімшісі» түрінде қолдану. Жалпы -гер/-кер жұрнағын жалғау арқылы жасалған атаулардың бірқатары қалыптасып үлгергенімен, осы жұрнақтың семантикасына

мән бермей, орынсыз жұмсау, мамандыққа, кәсіпке қатысты атауларға талғамсыз жалғай беру орын алып жүр.

XX ғасыр басындағы термин шығармашылығында біршама пайдаланылып, одан кейінгі кеңестік кезеңде белсенділік таныта қоймаған **-ма/-ме** (-па/-пе, ба/-бе) жұрнағы 90-жылдардан бастап, ең өнімді жұрнақтардың біріне айналды. Бұл жұрнақтың қатысумен жасалған атауларды қазір арнаулы салалардың бәрінен дерлік кездестіруге болады.

Олардың арасынан қазіргі баспасөзде жиі қолданылып жүрген *жүктеме, көшірме, мәлімдеме, үстеме, хаттама* тәрізділерін арнаулы салада да, жалпыхалықтық тілде де негізінен бірізді, тұрақты түрде қолданылатын терминдер деп атауға болады. Осы атаулардың ішіндегі *көшірме* мен *хаттама* терминқор қалыптастырудың алаштық кезеңінде, өткен ғасырдың 20-жылдары жасалып, қолданыста болған атаулар. 30-жылдары олар тілден шеттетілді. 90-жылдардан кейін біз оларды қайта қолданысқа енгіздік. Олар екінші өмірі басталған, бүгінгі күннің жаңа атаулары ретінде тілдік айналымға қайта оралған сөздер. Ал *бүктеме, қағызта, қайталама, мөлшерлеме, түйіндеме* секілділерін көбінесе баспасөзде қолданылып жүргенімен тілде әлі толық орныға қоймаған атаулар деген орынды. «Мөлшерлеме» қаржы-экономика саласында, «түйіндеме» құжат тілінде біршама қолданылып жүргенімен, бұлар әлі терминжүйе мүшесі ретінде таныла қойған жоқ.

Аса белсенді түрде болмаса да, бұрын сөзжасам үдерісінде едәуір пайдаланылып жүрген *-хана* жұрнағының да кейінгі 15-20 жыл көлемінде өнімді жұмсала бастағанын көруге болады. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған сөздер аз емес. Қазіргі қазақ баспасөзінен солардың ішінен *зертхана, құмархана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана* сияқтыларын кездестірдік. Бұлардың ішінде *зертхана, мейрамхана, тойхана* атаулары жұртқа көбірек таныс. Жиірек қолданатындары да осылар. *Ойынхана, құмархана* атаулары жарыса қолданылып жүрген, бір нұсқасы әлі басымдық танытып, тұрақтай қоймаған сөздер. Ал «тауықхана» атауына келсек, тілімізде бұрыннан бар «*тауыққора*» сөзі тұрғанда, онсыз да орынды орынсыз жиі жалғанып жүрген *-хана* жұрнағы арқылы сөз тудыруға қандай қажеттілік болғанын түсіну қиын. Жалпы бұл атауды әзірге бір реттік (аккозионал) қолданыс деп қабылдауға болады.

Кейінгі жылдарда сөзжасам үдерісінде өнімділік танытып жүрген қосымшалардың қатарына **-ыс/-іс** жұрнағын да жатқызуға болады. Мерзімді басылым беттерінде бұл жұрнақтың көмегімен жасалған *доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс* сынды сөздер жиі

қолданылады. Алайда соңғы 15-20 жыл көлемінде осы жұрнақтың қатысуымен жасалған сөздер бұлармен ғана шектелмейді. Салалық терминдер жүйелерінде олар көптеп кездеседі.

Біз мысалға келтіріп отырғандарының арасынан *отырыс, тапсырыс, тексеріс* атауларын жұртшылыққа жақсы таныс, бірізді қолданылу деңгейіне жеткен сөздер қатарына қосқан жөн. Ал «*үдеріс*» соңғы 2-3 жыл көлемінде әсіресе баспасөзде өте жиі қолданылып жүргендіктен, бұрыннан келе жатқан кірме сөз «процесстің» орнын қысқа мерзімде алмастыра бастаған атау.

Заттық ұғымдардың атауларын жасауда кейінгі жылдары өнімді пайдаланылып жүрген жұрнақтардың бірі – **-ғыш/-гіш**. Біз жоғарыда баспасөзден алынған *суреттегіш, оқшаулағыш* сияқты бірді-екілі мысалдарды ғана келтіргенмен, кейбір арнаулы салаларда бұл жұрнақ арқылы жасалған атаулар көптеп саналады. Осы сияқты **-уыш/-уіш** жұрнағы да өнімділік таныта бастаған жұрнақтар қатарын құрайды. Ал **-ак/-ек, -ша/-ше, -ман/-мен, -паз, -кес, -шілік/-шылық** жұрнақтары аса өнімділік таныта қойманымен, бұл жұрнақтардың да сөз жасауға қатыса бастағанын байқалады.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған жаңа атаулар


Қазіргі баспасөз беттерінен жинақталған тілдік деректер біз сөз етіп отырған мерзімде сөздерді біріктіру арқылы жаңа атаулар жасау тәсілінің жиі пайдаланылатыны байқалды. Негізінен екі сөзді біріктіру арқылы жаңа сөздердің көптеп жасалғанына мына төмендегі біріккен атаулар дәлел бола алады: *айдарбелгі, айыппұл, айыптұрақ, ақорда, ақуыз, элемтор, әнұран, әскербасы, әуежай, әуежол, әуесерік, бейнебақылау, бейнебаян, бейнежазба, бейнекөрініс, бейнеқұжат, бейнетаспа, бейнетүсірілім, босаралық, дәйексөз, елтаңба, зілтемір, дереккөз, жоргеқпұл, затбелгі, зейнетақы, келіссөз, келісімшарт, қалабасы, мұхитарал, отшашу, өтемақы, пәтерақы, сыйақы, субұрқақ, төсбелгі, тікұшақ, ұнпарақ, шәкіртақы, хатқалта, іссапар, ықпалшара* т.б.

Біз жинақтаған баспасөз материалдары «бейне» сөзінің де термин түзуші бөлшек ретінде жиі пайдаланып, өнімділік таныта бастағанын көрсетеді. Оның себебі, соңғы он бес жылдан астам уақыт көлемінде тілімізге «видео»-мен басталатын кірме сөздер көптеп кірді. Осы «видео»-ны «бейне» деп аударып алғандықтан, «бейне» сөзінің қатысуымен жасалған сөздер саны күрт өсті. Бұл сөз екі сыңары да



казак сөзінен тұратын атауларды жасауда өнімді жұмсалыуымен қатар, бір сыңары кірме сөзден тұратын будан атаулардың құрамында да кездеседі. Мысалы, *бейнебақылау, бейнебаян, бейнежазба, бейнекөрініс, бейнеқұжат, бейнетаспа, бейнетүсірілім және бейнекамера, бейнеклип, бейнемагнитофон, бейнефильм.*

Жалпы термин шығармашылығында бір үлгімен жасалған біріккен атаулар санының едәуір артқандығы айқын байқалып отырған құбылыс. Бұл орайда тіліміздегі «ақы», «басы», «бейне», «пұл» (*айыппұл, жәргеркпұл*) сөздерінің қатысуымен жасалған атаулар сөзімізге дәлел бола алады. Сызбаға қараңыз:



Бұл сөздердің туындауына тілімізде бұрыннан бар, бірақ қолданыстан шеттеп қалған *мыңбасы, жүзбасы, онбасы, уәзірбасы, аламанбасы, аймақбасы, сардарбасы, күзетбасы* тәрізді көне атауларымыздың жасалу үлгісі негіз болғанын айту керек.

Жаңадан жасалған және жаңаша қолданыстағы қос сөздер

Біріккен, кіріккен сөздермен қатар кейінгі жылдары қос сөз түрінде келетін терминдер мен атаулар да пайда бола бастады. Солардың бірқатарын баспасөзден кездестіруге болады. Мысалы, *арыз-тілек (петиция), әл-ауқат (благосостояние), көші-қон (миграция), өлім-жітім (летальность), сауда-саттық (аукцион), штаб-пәтер (штаб-квартира), іс-қимыл (действие), іс-шара (мероприятие), іс-әрекетсіздік (бездеятельность)* т.б.

Бұл атаулардың кейінгі екеуінен өзгелері тілде бұрыннан қолданыста бар сөздер. Бұрыннан болғанмен бұлардың көбі дәл сол бастапқы

мағыналарында қолданылып тұрған жоқ. Мағыналары мейлінше нақтыланып, қосымша мағына үстеп, белгілі бір терминдік мағынаны білдіретін ұғымдарға телінген. Бастапқы мағынасына барынша жақын, аса көп мағыналық өзгеріске ұшырамай қолданылғаны «өлім-жітім» атауы. Ал «штаб-пәтер» орыс тіліндегі «штаб-квартира» атауын жартылай калька тәсілімен тікелей аудару арқылы жасалған. «Іс-шара» кейінгі жылдары сөз қосарлау тәсілімен жасалып, қолданысқа енген жаңа атау.

Қазақ тілі қос сөздерге бай тіл болғанымен, 90-жылдарға дейін термин шығармашылығында сөздерді қосарлау арқылы сөз жасау өте сирек кездесетін. Тіпті арнаулы салалар терминдерін жасауда сөз тудырудың бұл тәсілі мүлде пайдаланылмай, іске қосылмай келді деуге болады. Соңғы жылдары сөзжасам үдерісінде бұл тәсіл арқылы да сөз тудырудың жандана бастағанын байқауға болады. Жалпы осы құбылыстың өзі ұлт тілінің термин шығармашылығында, сөзжасам үдерісінде пайдаланыла бастағандығының бір көрінісі. Бұрын пайдаланылмай келген немесе өте аз пайдаланылған лексикалық қабаттар мен сөзжасам тәсілдерінің іске қосылуы соның дәлелі бола алады.

Көп сыңарлы атаулар

Термин шығармашылығында сөздердің тіркесуі арқылы жасалған екі, үш, төрт сыңарлы атаулар елеулі орын алады. Оларды салалық терминдер жүйесінің әрқайсынан көптеп кездестіруге болады. Кейбір арнаулы салаларда бүкіл терминдердің 60-70 пайызын осындай тіркесті терминдер құрайды. Олардың бәрі газет-журналдарда қолданыла бермейді, көпшілігі арнаулы сала тілімен шектеледі. Қазіргі қазақ баспасөзінен төмендегідей екі-үш сыңарлы жаңа терминдер қолданылып жүр: *айлық есептік көрсеткіш, айналма жол, әлжуаз жіктер, бейіндік оқыту, бірреттік жәрдемақы, біртұтас әкімшілдендіру, галамдық жылыну, дыбысжазғыш құрылғы, дыбыс күшейткіш, жан сақтау, жол-көлік оқигасы, зияткерлік меншік, көлік құралы, қанатқақты жобалар, қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеуі, қол жетімділік, серпінді жобалар, сыбайлас жемқорлық, сырқатнама қағазы, төлқұжат үстелі, тектік қор, ұялы телефон, шаруа қожалығы, шепбұзар жобалар, ырықты экономика* т.б.

Қазіргі құжаттардың, іс қағаздарының көпшілігінде «әлсіз топтар» түрінде көбірек қолданыла бастаған тіркесті баспасөзде «әлжуаз жіктер» деп аударып қолданушылар да бар. Алдыңғысына қарағанда бұлай



аударылуының сәтсіздеу екендігі аңғарылып тұр. Сондай-ақ, осы атауды «әлсіз топтар» деп аударушылар да кездеседі. Бірнеше нұсқасының жарыса қолданылып жүргендігі әлі бұлардың біреуінің басымдыққа ие бола қоймағандығын көрсетеді. Сол секілді жарыса қолданылып жүрген тіркесті терминдер қатарын *серпінді жобалар*, *шепбұзар жобалар* терминдері де құрайды. Жоғарыдағы екі-үш сынарлы терминдердің бірқатары іс қағаздарында, сала тілінде, мерзімді баспасөзде бірізді қолданылып, тұрақтала бастады. Ал *әлжуаз жіктер*, *бейіндік оқыту*, *бірреттік жәрдемақы*, *бір тұтас әкімшілдендіру*, *жан сақтау*, *қанатқақты жобалар*, *қорғаныш белбеуі*, *сырқатнама қағазы*, *төлқұжат үстелі*, *шепбұзар жобалар* әлі бір ізге түспеген, ішінара немесе жарыса қолданылып жүрген атаулар қатарын құрайды.

Будан атаулардың жасалуы мен қолданысы

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар тілімізде көп емес еді. Бұрын *радио-хабар*, *телехабар* деген сияқты аралас құрамды сөздер аз ұшырасатын болса, бүгінгі уақытта олардың саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс. Мұндай жұмыстарды атқарып, тиісті талдау жасау үшін алдымен оларды түрлі салалардан жинақтап, жүйелеп алу қажет. Ғылым салаларында да будан атаулар саны артып келеді. Оларды да сала-сала бойынша жинап, терминжасамдағы үлесін, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек. Қазіргі қазақ баспасөзінде мына төмендегідей будан атаулар қолданылып жүр: *авиатасымал*, *автоапат*, *автобекет*, *автожол*, *автожорық*, *автожүргізуші*, *автомектеп*, *автомотокөлік*, *автотұрақ*, *автоұшқыш*, *автошеру*, *агроқалашық*, *агросаясат*, *антидағдарыс*, *аудиокітап*, *әуебилет*, *әуевокзал*, *әуекеросин*, *бейнекамера*, *бейнеклип*, *бейнемагнитофон*, *бейнефильм*, *биоотын*, *биотөлқұжат*, *веложарыс*, *велошабандоз*, *газқұбыр*, *геосаясат*, *геосаяси*, *дендробақ*, *еуроаймақ*, *еуроодақ*, *зообақ*, *инфрақұрылым*, *киноөндіріс*, *кинотаспа*, *ксерокөшірме*, *макроөңір*, *метеожабдық*, *микродөңгей*, *мультиплатиже*, *санэпидқадағалау*, *субқоржын*, *телеайтыс*, *телеарна*, *теледидар*, *телеарна*, *тележүздесу*, *тележүргізуші*, *телекорермен*, *телеөнер*, *телеойын*, *телетілші*, *телехабар*, *трансұлттық*, *фотоайзақ*, *фотобайқау*, *фотокөрме*, *фотокөшірме*,

фотоқадағалау, фотоқондырғы, фотоқұжат, фототілші, экожоба, экоорталық, этносаясат т.б.

Келтірілген мысалдар көрсетіп отырғанындай, қазіргі баспасөзде қолданылып жүрген бұдан атаулар аз емес екен. Оның себебін іздей бастасақ, бұл ең алдымен, біздің «халықаралық» деп аталып жүрген немесе кең тараған терминбөлшектерді аударай қабылдау дәстүрін орнықты-руымызбен байланысты. Қазақ тілінің жетпіс жылға жуық мерзімге созылған кеңестік терминжасам тәжірибесінде, термин қабылдау қағидаттарында халықаралық терминдер мен негізінен латын, грек тілдеріне тән кең тараған терминбөлшектерді орыс тіліндегі жазылу үлгісіне сай өзгеріссіз қабылдау берік орнықты. Қазақ тілінде термин жасау қарқын ала бастаған тәуелсіздік кезеңінде де осы дәстүр көп бұзылған жоқ. Жекелеген терминбөлшектердің қатысуымен жасалған терминдер аударылып алынғанымен, оларды жаппай аудару құбылысы көрініс берді деуге болмайды. Мысалы, *аэро, видео* терминбөлшектері *ауе, бейне* түрінде қазақшаға аударылып алынып жүргендігін жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Сондай-ақ, «телеграмма» атауының «жеделхат» түрінде аударылып, жиі қолданылатын атауға айналғаны белгілі. Ал жалпы алғанда кең тараған шет тілдік терминбөлшектердің қатысуымен жасалған жүздеген атаулар сол қалпында қолданылып келеді немесе олардың бір бөлігі аударылып бұдан атаулар жасала бастады. Баспасөз материалдары *авиа, авто, агро, анти, аудио, био, вело, гео, дендро, еуро, зоо, инфра, кино, ксеро, макро, метео, микро, мульти, суб, теле, транс, фото, эко, этно* сынды кең тараған терминбөлшектердің қатысуымен жасалған көптеген атаулардың екінші бөлігі ғана аударылып жүргендігін көрсетеді. Тағы бір назар аударатын нәрсе – жаңа пайда болған бұдан атаулардың қазақшаға аударылып алынған екінші сыңарларының көпшілігі орыс сөздері екендігі. Мысалы, *авиатасымал (перевозка), автожол (дорога), автожорық (поход), автомотокөлік (транспорт), автотұрақ (стоянка), агроқалашық (городок), аудиокітап (книга), веложарыс (гонка), велошабандоз (гонщик), еуроодақ (союз), инфрақұрылым (структура), киноөндіріс (производства), ксерокөшірме (копия), метеожабдық (оборудование), микродеңгей (уровень), мультинәтиже (результат), тележүргізуші (ведущий), тележүздесу (встреча), телекөрермен (зритель), телеойын (игра), фотоайғақ (доказательство), фотокөрме (выставка), фотокөшірме (копия), фотоқондырғы (установка), экожоба (проект), экоорталық (центр).*

Тағы бір назар аударатын бұдан атаулардың түрі «мәжіліспен» және «газетхана» сияқты жаңа қолданыстар. Мұның біріншісі «мәжіліс» сөзіне ағылшын тіліндегі «адам» деген мағынаны білдіретін «man» сөзін қосу арқылы жасалған. Бұл атау «конгрессмен», «бизнесмен» сияқты сөздердің үлгісін пайдалану арқылы жасалған. Бұрын сөз алмасуда негізгі көз орыс тілі болып келгені белгілі. «Мәжіліспен» сияқты сөздердің туындауы енді ағылшын тілінен тікелей сөз алмасу құбылысының пайда бола бастағандығының бір көрінісі. Қазақ сөзіне ағылшын сөзін қосып бұдан атау жасау бұрын байқала бермейтін мейлінше жаңа тәсіл деуге болады. Ал екіншісі қытай қазақтарының тілінде қолданылатын атау. «Газет» тілімізде көптен бері қолданылып жүрген кірме сөз екені мәлім. Оған жалғанып тұрған «хана» қосымшасы тілімізге негізінен өткен ғасыр басында иран тілінен енген, бастапқыда «үй» деген мағынаны білдіретін дербес мағыналы сөз болғанымен, қазір кірмелігі ұмытылып төл жұрнақтарымыздай қолданылатын дәрежеге жеткен.

Калькалау тәсілімен жасалған жаңа атаулар

Жаңадан жасалған терминдер мен жалпы тілдегі атаулар қазіргі термин шығармашылығында, сөзжасам үдерісінде калька тәсілі өте өнімділік танытып отырғаны байқалады. Мына төмендегі атауларға назар аударып көрелік:

Ашық есік күні (*день открытых дверей*), ашық қоғам (*открытое общество*), бір терезе (*одно окно*), сауда нүктесі (*торговая точка*), сенім телефоны (*телефон доверия*), үлкен сегіздік (*большая восьмерка*), айлық есептік көрсеткіш (*месячный расчетный показатель*), әлжуаз жіктер (*уязвимые слои*), ғаламдық жылыну (*всемирное потепление*), дыбысжазғыш құрылғы (*звукозаписывающее устройство*), дыбыс күшейткіш (*звукоусилитель*), елтаным (*страноведение*), жол-көлік оқиғасы (*дорожно-транспортное происшествие*), жүйекұраушы (*системообразующий*), зымырантасығыш (*ракетоноситель*), көлік құралы (*транспортное средство*), қауіпсіздік белдігі (*ремень безопасности*), өмірсүйгіш (*жизнелюб*), тауарөндіруші (*товаропроизводитель*), төлқұжат үстелі (*паспортный стол*), ұлтүстілік (*сверхнациональный*), ұшу-қону жолы/ұшу-қону жолтабаны (*взлетно-посадочная полоса*), шаруа қожалығы (*крестьянское хозяйство*) т.б.

Осы күрделі атаулардың барлығы да орыс тілінен калькалау тәсілімен жасалған толық калькалар. Келтірілген мысалдағы калька атаулар бұл

тәсілдің қазіргі таңда қандай өнімді тәсілге айналып отырғанын анық көрсетеді. Бұған жартылай калька мен семантикалық калькаларды қосар болсақ, бұл тәсілмен жасалған атаулар саны тағы да арта түспек. Қазіргі баспасөзде кездеспегенімен, арнаулы салалардың өзінде қолданылып жүрген калька тәсілімен жасалған терминдер үлесі тіпті үлкен. Жалпы бұл жеке әңгімеге арқау етіп алып, арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылуы тиіс мәселе. Дәлірек айтқанда, бұл тақырып кандидаттық диссертация дәрежесінде зерттелу үстінде. Бізде көп жағдайда калькалау тәсілімен жасалған терминдерге қатысты біржақты пікірлер айтылып жатады. Оның басты себептерінің бірі калька тәсілімен жасалған атаулар табиғатының жан-жақты зерттелмеуі екендігін айту керек. Сол себепті тіліміздегі терминжасамның өнімді тәсілдерінің біріне айналып отырған калькалаудың табиғатына тереңірек үңіліп, оның тиімді-тиімсіз қырларын көрсетіп, ғылым тіліндегі калька терминдердің алатын орнын, үлес-салмағын, жетістігі мен кемшіліктерін анықтау міндет.

Жаңа перифраз атаулар

Осы басылымның соңында соңғы жылдары пайда болған, калькалау арқылы жасалған жаңа перифраз атауларды да беріп отырмыз. Затты, құбылысты өз атымен атамай бейнелеп, басқаша айту арқылы жасалатын мұндай атаулар баспасөз беттерінде аса көп болмаса да біршама қолданыс тауып жатады. Мәселен, мерзімді баспасөз беттерінен мына сияқты перифраздарды кездестіруге болады: *Алтын дауыс, ақ олимпиада, алтын квадрат, Аспанасты елі, бүкір көпір, гасыр дерті, жасыл өкпе, қара құрлық, қара маржан, қызыл әтеш, кәрі құрлық, көгілдір отын, көк қағаз, көк құрлық, ми орталықтары, мыстан аулау, тәжді сауал, темір ханшайым, тоқылдақ, тірі тауар, шымыр жаңғақ* т.б.

Перифраз атаулар тізімінде тек кейінгі жылдары жасалған жаңа қолданыстармен қатар бұрыннан бар бірнеше атау берілді. Мысалы, *ақ алтын, Бостандық аралы, дөңгелек үстел, қара алтын, қара тізім, қырғиқабак соғыс, көгілдір, көгілдір экран, крест жорығы, тұманды Альбион*.

Оның себебі осыған дейін қолданыста болған және кейінгі жылдарда жасалған перифраздардың жасалу, туындау жолдарын, ерекшеліктеріне айқындау. Бұныннан қолданыста бар перифраздар мен кейінгі уақытта пайда болған атауларды салыстырып қарар болсақ, олардың барлығы да орыс тілінен калькалау жолымен аудару арқылы жасалғанын көруге бола-



ды. Бұл орыс тілінің термин жасам үдерісінде де, перифраздарды туғызуда да әлі күшті ықпал етіп отырғанын көрсететін тілдік деректер. Кеңестік кезеңде жасалып тілдік айналымымызға енген перифраздарды да, кейінгі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде туындағандарын орыс тілі үлгісімен жасағанымыз ап-анық аңғарылып тұр. Біз баспасөз беттерінен жинақтаған материалдар кешегі және бүгінгі уақытта туындаған перифраздардың орыс тілінен дәлме-дәл аударылып, түгелдей толық калька түрінде жасалғанын көрсетеді. Бұл термин жасам үдерісінде ғана емес, бейнелі атауларды жасауда да қазақ тіліне орыс тілі әсерінің өте күшті екендігінің дәлелі.

Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жаңа атаулар мен терминдер қолданысындағы кемшіліктер

Жоғарыда біз жаңа қолданыстар мен кейінгі жылдары жасалғанымен жаңалығы ұмытыла бастаған кейбір атаулардың жасалу жолдарына тоқталсақ, енді олардың қолданысында кездесетін кемшіліктерге назар аударамыз. Қазіргі баспасөзде кездесетін жаңа атаулардың қолданысындағы орын алып жүрген кемшіліктің ең бастысы – ресми бекітілген терминдердің бірнеше нұсқасының жарыса жұмсалуды. Бүгінгі баспасөз беттерінен жинақталған жаңа атауларды сараптағанда мынадай сөздердің жарыса қолданылып жүргендігі анықталды:

Администратор – *әкімші, әкімгер*; акимат – *әкімдік, әкімият*; мобильный (сотовый) телефон – *қалтателефон, ұялы телефон, қалтафон*; интернет – *әлемтор, галамтор*, стюардесса – *әуесерік, аспансерік*; глобализация – *галамдану, жаһандану, ауқымдану*; транспортная пробка – *кептелек, кептеліс, тығын, тығырық*; семья – *отбасы, жанұя*; публицистика – *көсемсөз, қоғамсөз, замансөз, мәндісөз*; кресло – *орынтақ, күрсі*; медсестра – *медбике, мейірбике*; наушник – *тыңдауыш, құлақкигіш, құлақілдірік*; микрорайон – *мөлтекаудан, ықшамаудан, шағынаудан*; петиция – *арыз-тілек, құзырхат*; ремень безопасности – *қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеу*; прорывные проекты – *серпінді жобалар, шепбұзар жобалар*; фонтан – *субұрқақ, бұрқақ*; казино – *ойынхана, құмархана*; патриотизм – *отаншылдық, отансүйгіштік, елжандылық*; огнестрельное оружие – *атыс қаруы, отты қару* т.б.

Бұл келтірілген мысалдардың арасында ресми бекітілгені де, біраздан бері қолданылып жүргенімен бекітуге ұсынылмағандары да, сондай-ақ

жұртшылыққа аса таныс емес әлі сараптан өте қоймаған жаңа қолданыстар да бар. Бұлардың арасындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан ресми бекітілгендері мыналар: *әкімші, әкімдік, жаһандану, отбасы, ықшамаудан*. Соған қарамастан осы бекітілген атаулардың *әкімгер, әкімият, галамдану, жаһандану, ауқымдану, жанұя, мөлтекаудан, шағынаудан* нұсқалары баспасөз беттерінде жарыса қолданылып келеді.

Мұның себебі не? Жалпы біздегі ресми бекітілген терминдердің бірізді қолданылмауының негізгі екі түрлі себебін атауға болады. Біріншісі – бекітілген терминдерді жұртшылыққа жеткізіп, олардың қолданысын қадағалап, үйлестіріп отыру жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмеуі. Екіншісі – терминдерді жасау, сараптау, ұсынылған нұсқалардың арасынан сәтті жасалғандарын іріктеп алу және бекіту жұмыстарының кәсіби тұрғыда жүзеге асырылмауы. Бізде тілді жақсы білетін термин шығармашылығына өз үлесін қосып, көптеген сәтті терминдер жасап, терминологиялық сөздіктер шығарып жүрген практиктер, сала мамандары бар. Алайда соған қарамастан, бүкіл термин шығармашылығын ұйымдастырып, оның барысын қадағалап, жетістіктерін үлгі ретінде ұсынып, кемшіліктерін түзетіп отыратын кәсіби мамандар шоғырланған орталық құрылымның болмауы бұл істің жүйелі түрде жүзеге асуына мүмкіндік туғызбай отыр. Сондықтан бекітуге ұсынылған терминдер немесе белгілі бір сала маманы дайындаған терминологиялық сөздік жанжақты талданбайды. Мемтерминком қарауына үстірт, формальді түрде сараптан өтіп келген терминдер мен терминологиялық сөздіктер ұсыныла береді. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы мәртебесі зор комиссия болғанмен ол да тұрақты түрде жұмыс істейтін, тек терминология мәселесімен ғана айналысатын құрылым емес. Оған тек терминтанушы, терминограф, терминшілер ғана емес, жалпы филологиялық білімі барлар да, журналистер мен ақын-жазушылар да, қызметтік міндетіне сәйкес лауазымды тұлғалар да мүше бола алады. Оны қазақ тілін өте нашар білетін басшылар басқарып, құрамына тіл білмейтін, терминология мәселелерінен еш хабары жоқ мүшелер енгізілгенін де көзімізбен көрдік. Біз терминология мәселелерімен осы істің мән-жайын жетік білетін кәсіби маманданған кадрлар айналысатын жағдайға әлі жете алмай отырмыз. Сондықтан да осындай мәртебелі комиссияның бекіткен терминдерінен шикіліктер шығып қалып жатады. Бекітілген терминдерді жұртшылыққа таныстырып, олардың қолданысын қадағалау жұмысы да осы уақытқа дейін бірқалыпты іске асып, бір ізге түсе қоймаған. Бекітілген терминдердің қолданысын

қадағалау тетігі мүлде жасалмаған деуге болады. Терминдерді жасау, оларды талқылау мен бекіту, қолданысын қадағалау кәсіби тұрғыдан жүзеге асырылмаған соң, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыру жолындағы атқарылып жатқан жұмыстардың кемшіліксіз әрі нәтижелі болуы қиын екендігін дәлелдеп жату артық болар. Бекітілген терминдердің бірізді қолданылмауы не олардың о баста дұрыс бекітілмегендігінен, не дұрыс жасалып, орынды бекітілген терминнің қолданысын қамтамасыз ете алмаудан екендігін ашып айтпасақ болмайды. Терминологиялық жұмыстарды орталықтандырылған түрде кәсіби тұрғыдан жүзеге асырмасақ, мұндай кемшіліктер орын ала беретіндігін біз үнемі айтып, тиісті органдар алдына шешімін табуы тиіс мәселе ретінде қойып-ақ келеміз. Бірақ әзірге одан айтарлықтай нәтиже шығып жатқаны шамалы. Терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестіру ісі шешімін таппай, соған сәйкес бұл саладағы қордаланған мәселелер күннен-күнге, жылдан-жылға артқан үстіне арта түсіп отыр.

Ал ресми бекітілмеген атаулар мен термин сөздердің баспасөзде жарыса қолданылуына келсек, бұл құбылысты шектеудің реті жоқ. Тек терминдер жарыспалылығын тым ұзаққа созып алмай, қолданыста жүрген нұсқалар арасынан сын мерзімнен өтіп, терминге қойылатын талаптарға сай келетінін таңдап алып ресми бекітіп отыру қажет. Ал таңдаудан өтпегендерін ұсынылмаған, қолданысына тыйым салынған (немесе шектелген) атаулар қатарына қосып отыру арқылы орынсыз жарыспалылыққа жол берілмеуін қамтамасыз етуге болады. Жоғарыдағы мысалдағы әлі бекітілмеген жарыспалы атауларға қатысты осы жұмыстар енді жүргізілуі керек.

Бұл аталғандармен бірге қазіргі термин шығармашылығы мен олардың қолданысында орын алып жататын өзге де кемшіліктер бар. Айталық, орыс немесе өзге шет тілінен енген дара тұлғалы терминдерді екі немесе үш сыңарлы термин түрінде сипаттай аудару кездесіп жатады. Мысалы, «распродажа» деген атауды қазақша «арзан сатылым» деп екі сөзбен беру термин ықшамдылығы тұрғысынан да мағыналық тұрғыдан да ұтымды жасалған дей алмаймыз. Экономикалық сөздіктерде бұл терминді сондай-ақ «жаппай сату», «сатып әсіберу», «көтере сату» түрінде жарыстыра беріп жүр. Кейде екі ұғымды бір сөзбен атау сияқты кемшілік те байқалып жатады. Мәселен, баспасөз беттерінде «конференцияны» да, «маслихатты» да – «мәслихат» деп қолдану ұшырасып жатады.

Б. Момынова,
*филология ғылымдарының докторы,
ал-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры*

Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминдерді қалыптастыру мәселесі туралы

I

А. Байтұрсынұлы және лингвистикалық терминдер

Термин – латын тілінен аударғанда «шек», «шекара» дегенді білдіріп, ғылым мен білім саласындағы ұғымдарды дәл, нақты атау үшін қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер. Кейде термин ұғымында тілімізде «атау сөздер» деп те қолданылады, бірақ бұл термин ұғымын, оның қамтыр ауқымын толық бере алмайды.

Термин, ең алдымен, белгілі бір ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Осы бір жүйені айқындайтын термин сөздер тобы, яғни терминология жалпы әдеби тілдің бір тармағы, ол сол тілдің әдеби нормасына бағынады. Бірақ, екінші жағынан, ол шектеулі қызметтегі ғылым тілі ретінде жалпыхалықтық тілден шеңбері тар, өйткені жалпыхалықтық тілге қатыстының бәрі оған ене бермейді. Сонымен бірге, екінші жағынан, ол әдеттегі кәсіби қатынастан тыс ғылыми ұғымдарды білдіретіндіктен, ғылым тілі ретінде жалпы әдеби тілге қарағанда анағұрлым кең ұғымды білдіреді. Сондықтан термин мәселесін сөз еткенде қашанда алдан «ғылым тілі», яғни әдеби тілдің ғылыми стилі деген мәселе туындайды. Қазақ әдеби тілі сөздік қорының күн санап баюы, жаңа термин сөздермен толығыуы тікелей ғылыми-техникалық прогреске байланысты.

Терминдердің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Ғылым мен техникалық даму қатты өрістеп отырған бүгінгі таңда терминдер жүйесі, терминологиялық лексика, әсіресе қоғамдық, табиғат және техника ғылымдары тілі тіл білімінде неше алуан күрделі проблемаларды алға тартып отыр. Өйткені ұғымдар жүйесін тіл материалы арқылы жабдықтайтын терминология кез келген ғылым саласының логикалық

мазмұнын жасайтын негіз деп аталуға хақысы бар. Сол себепті де терминология дегеніміз – ғылым тілі, ғылым тілі дегеніміз – терминологиялық жүйе болып шығады.

XIX ғасыр аяғында қазақ тілінің мәселелерімен кейбір қазақ оқығандары да шұғылдана бастады. Олар мақалалар жазып, қазақ тілінің жай-күйін, жазуының мәселелерін қозғады. Ы. Алтынсариннің атақты «Хрестоматиясы» басылып шықты. «Айқап» журналы (1911-1915) және «Қазақ» газеті (1913-1918) беттерінде қазақ тілінің өзекті, жан ауыртар жағдайлары сөз етілді. Міне, осы мақалаларда, Ы. Алтынсариннің аталған «Хрестоматияларында» қазақ тілінде алғашқы лингвистикалық терминдер қолданылды. Бірақ бұлардың бәрі қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминологияның бастау-көздері деуге лайық құбылыс болатын. Шын мәнінде қазақ лингвистикалық терминологиясы екі адамның есімімен тығыз байланысты. Оның біріншісі – Ахмет Байтұрсынұлы, екіншісі – Құдайберген Жұбанұлы.

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологиясының атасы ретінде А. Байтұрсынұлының есімі соңғы жылдары жарық көрген барлық ғылыми әдебиеттерде аталады. Атап айтқанда: Байтұрсынұлы А. //Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998, 56-б.; Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988, 31-б.; Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы, 1998, 139-б.; Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992, 28-б.; Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. Астана, 1998 және т.б. жаңадан жарық көрген ондаған еңбектер бар.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғылым ретінде А. Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Бұған қоса арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшамдылығы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы сияқты талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктеріне сай келетін өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни жасауға емес, қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі.

Терминология мәселесі қашанда ғылым тілімен, қандай да бір болмасын ғылым саласын алға сүйреуші ғалымдар есімімен байланысты.

Бүгінгі дамыған қазақ ғылымының бастау көзін, ондағы терминологиялық жүйенің қалыптасу тарихы ғылымның көшбастаушысы болған ғалымдардың еңбектерінде жатыр. Тіл білімі, әдебиеттану салаларын А. Байтұрсынұлы бастаса, алғашқы математика оқулықтарын М. Дулатов, С. Қожанов, Қ. Сәтбаевтар жазған. Сол сияқты физика мен геометрия – Е. Омаровтың, психология – Ж. Аймауытовтың, педагогика – М. Жұмабаевтың, тарих терминдерінің қалыптасуы М. Тынышпаев, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанов есімдерімен тығыз байланысты.

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» («Қазақша әліппе») өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында («Қазақ тілінің грамматикасы») әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдерді алғаш қолданып қазақ тіл білімінде орнықтырды. Бұл орайда, баса көрсететін бір мәселе – А. Байтұрсынұлы бір не бірнеше терминді ойлап тауып, соларды ғана тілде қалыптастырған жоқ, ол бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, *тұтас терминдер жүйесін жасады*.

Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы – табиғи құбылыс. А. Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде. А. Байтұрсынұлының тұтастай терминдер жүйесін қалыптастыруы – оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады. Келесі атап өтетін маңызды мәселе А. Байтұрсынұлының терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет тиімді пайдаланған білімпаз екендігі. Термин жасау барысында А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөз тудыру тәсілдерін анықтап, түстеп берумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете алды, оған Ахмет қаламынан туындаған қазақ тілінің грамматикасының (сарфының) жазылуымен тікелей байланысты жүздеген терминдерді атауға болады: *жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс* терминдері **семантикалық тәсілмен**, ал *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, жалғаулық, есімдік тәріздес* көптеген терминдерді **морфологиялық тәсілмен**, ал *дауыссыз ды-*



быс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сияқты терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Келтірілген мысалдардың бәрі дерлік А. Байтұрсынұлының негізгі тілтану саласындағы еңбектері топтастырылған «Тіл тағылымы» кітабынан алынды. Бұл терминдердің кейбірі орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалау арқылы, мысалы, *дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз*, т.б. жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұл ғалым-ағартушының калька тәсілін де ұтымды пайдалағанын көрсетеді. А. Байтұрсынұлы аталған терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып, әбден қалыптасып кеткендігі – олардың өте сәтті жасалғандығының дәлелі.

Ғалым еңбектерінде қимыл атауы тұлғалы *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану терминдері мен *демей, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процесті ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау А. Байтұрсынұлынан бастау алғаны, термин тудырудың өнімді бір үлгісіне айналғаны аңғарылады. «Бұл терминдердің қайсыбірі (*мысалы, ауыстыру, теңеу*, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбірі (*мысалы, лептеу, оймалдау*, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне -у жұрнағын жалғау жолымен жасалған», – дейді Ш. Құрманбайұлы «Қазақ лексикасының терминденуі» [1,140-б.] еңбегінде.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А. Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминолог ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, *концептология* тұрғысынан да қарай білуінде жатыр.

Белгілі ғалым Р. Сыздық «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін атап айту керек», – десе [2, 33-б.], профессор Р. Нұрғалиев А. Байтұрсынұлы

кезінде қолданған, бірақ кейін айналыстан алынып қалған *суықтама*, *зауықтама*, *сарындама*, *салттама*, *ғұрыптама*, *қалыптама* деген терминдерді тілімізге қайта оралтуды ұсынады [3, 13-б.].

Тілдің әлеуетін кезінде А. Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. ...Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», – деген болатын.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеген ғалымдар энциклопедист-ғалым М.В. Ломоносовты – «орыс ғылыми терминологиясының атасы» десе, Қазақстан тарихындағы ондай орын ұлтымыздың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі.

II

Қ. Жұбанов қазақ терминдерінің жүйесін ғылыми негіздеуші

А. Байтұрсынов 1925 жылдан бастап қуғынға ұшырап, 1928-1929 жылдардан бастап шығармалары баспа бетіне шықпаған кездерде қазақ тіл біліміндегі лингвист маман Қ. Жұбанов осы салада еңбек етті.

Ол 1928 жылы көктемде экстернмен Ленинградтағы Енукидзе атындағы Шығыс тілдер институтын тәмамдайды. Бұл жөнінде ол 1935 жылы толтырған анкетасында: «1. Ленинградтағы Шығыс тілдері институтын; 2. СССР Ғылым академиясының аспирантурасын бітірдім», – деп жазады [4, 36-б.]. Осы жылы Қ.Жұбановты қазіргі Абай ат. педагогикалық университеттің түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақырады да, сол жылы Ленинградтың Шығыстану институтының «Түркологиялық семинар» деп аталатын білім орталығына жібереді. Мұнда ол жыл жарымдай Шығыстану ғылымдарының негіздерімен танысады, тілдерді зерттеудің ғылыми әдістерін меңгереді, әр түрлі тілдердің табиғаты туралы мәлімет алады. 1930 жылдың қазанында ол Тіл және ойлау институтының академик Н.Я. Марр басқаратын «Яфедидологиялық семинарына» аспирант болып

қабылданады, академиктер С.Е. Малов, И.И. Мещанинов, В.А. Богородицкий, Е.Д. Поливанов сияқты ғалымдардан дәріс алады.

1932 жылы аспирантурасын аяқтап, Алматыға оралған соң ҚазПИ-ге лингвистика кафедрасының меңгерушілігіне тағайындалады. Ол Академия бөлімшесі, Халық ағарту комиссариаты, Оқулықтар бөлімі т.б. ондаған шаруаны қоса атқарады. 1933 жылдан Мемтерминкомның жұмысын басқарады.

Ал 1920-30 жылдары ұлт тілдеріндегі терминология ең бір өзекті, ең бір көкейтесті проблема болатын. Өйткені жаңа құрылыс, жылдан-жылға дами түскен ғылым мен техника саласы, қалың бұқараны ағарту ісі, жазба мәдениеттің дамуы – баршасы жүздеген жаңа ұғым атауларын жасауға мәжбүр етті және бұлар жай атаулар емес, терминдік атаулар болуға тиіс еді, олардың жасалу принциптерін, бағытын белгілеу, көздерін анықтау жалаң теориялық емес, практикалық шешімдерді де қажет етті. Бұған білімдар адамдардың араласуы керек болды. Қ.Жұбанов тек ұйымдастыру жұмыстарымен, басшылық етумен қанағаттанып қойған жоқ, «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» деген мақала жазып, термин деген не, термин сөздердің жай сөздерден айырмашылығы қандай деген жайттарға тоқталып, терминология табиғатын түсіндіріп берді, интернационалдық сөздерге көзқарасын ашық айтты.

1935 жылы Қазақстанның мәдениет қызметкерлерінің II съезіне Мемлекеттік терминкомның атынан қазақ әдеби тілінің терминдерін жасауды ұсынды. Ол «Қазақ әдеби тілінің терминдері туралы» деген тақырыппен Терминком «Бюллетендерінде» орыс және қазақ тілдерінде жарияланды. Алғаш рет түзіліп, жарық көре бастаған терминологиялық сөздіктің алғысөзін жазып, онда терминжасау принциптерін ұсынды.

Латын жазуын қазақ тіліне лайықтап жетілдіре түсу, емле ережелерін әрі қарай жақсартып, тиянақтауда да Қ. Жұбанов нақты ұсыныстар жасайды, 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен конференцияда терминология жөнінде баяндама жасайды.

«Өзінің 1936 жылы шыққан грамматикасында Қ. Жұбанов бірсыпыра терминдерді өзгерткен, жаңартқан, – деп жазады профессор Н. Оралбаева. – Алайда олардың біразы ғылыми термин ретінде орнығып қала алған жоқ. Оның көбі дұрыс еместігінен қалыптаспады деген пікірден аулақпыз. Дұрыс терминдердің де қалыптаспағандары бар. Мысалы, осы грамматикада профессор Қ. Жұбанов дербес сөз бен шылаулардың тіркесін қосалқы сөз деп атаған /ол шылаулардың бір тобын қосалқы дейді/. Шылаулардың, басқа да көмекшілердің сөйлемде дербес сөзбен

тіркесіп қолданылуы – тілімізде бар құбылыс. Мұндайда көмекшілер дербес сөздің дыбыстық құрамына кіріп, бірге жазылмағаны болмаса, сол сөзбен бірге қаралуға тиіс екені айдан анық. Олар сөзге белгілі мағына үстеп, сонымен бірге сөйлемде біртұтас мағына беріп, сөйлем құраушы тұтас тұлға, күрделі бөлшек қызметін атқарады. Солай бола тұрса да, әлі күнге дейін дербес сөз бен шылаулы тіркес грамматикадан өз орнын ала алмай жүр. Тілде өте жиі кездесетін осы құбылыстың танылмай жүргенін және Қ. Жүргеновтің ізімен кейінгі теориялық жетістіктерді ескеріп, дербес сөздер мен көмекшілердің тіркесін біз өз еңбектерімізде көмекшілі сөз деп атап жүрміз» [5, 67-бет.].

Міне, бұл ұзақ сілтемеден не көруге болады. Біріншіден, сол тұста А. Байтұрсынов сияқты зиялылар «алашордашыл», «халық жауы» деп атала бастаған соң, олардың еңбектері, оқулықтары айналымнан алынып тасталды, екіншіден, Қ. Жұбанов сияқты жаңа буынға жаңа оқулықтар жазу тапсырылды, үшіншіден, осы жаңа оқулықтарында олар бұрынғы «халық жаулары» қолданған «зиянкес» сөздерді /терминдерді/ қолданбауы қажет болды. Осындай қиын жағдайда қалған Қ. Жұбанов сияқты ғалымдар бірақ жолын тауып, бұл жағдайдан да құтылып жүрді. Және олар мүмкіндігінше тілімізде бұрын орныққан терминдерді авторларының атын атамай, сол күйінше қалдыруға тырысты.

Ал, профессор Н. Оралбаева көрсеткен терминге – қосалқы сөз /кейінгі ғалымдар – көмекшілі сөз/ терминіне – оралсақ, бұл жерде біз басқа құбылысты байқаймыз. Ең алдымен, қазақ тілі ғылымы, тіл білімі А. Байтұрсынұлы кезіндегіден көш ілгеріледі. Яғни, ол кезде А. Байтұрсынұлы үшін мұндай термин ойлап табу қажеттілігі болмады. Ал ғылыми тіл білімінің өкілі Қ. Жұбанов сол кездің өзінде тіл білімінің осындай нәзік, тереңде жатқан құбылысын танып, оған атау, термин берді. Өкінішке орай, 1938 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, атылған соң Қ. Жұбановтың еңбектеріне де тыйым салынып, бұл тіл білімінің жетістігі ұмыт болды. Сонымен бірге оған атау таққан термин де ұмытылды. Ал ғалымдарымыз кейін тілден осы бір тілдік құбылысты байқаған тұста, Қ. Жұбановтың еңбектерімен таныс болмағандықтан оған өздерінше жаңа атау /көмекшілі сөз/ таңды. Осылайша жаңа бір қазақ лингвистикалық термин сөзінің ғылымдағы жолы қиылды.

Профессор Қ. Жұбанов сынды ғұлама ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан тың үлесі, осы тілдік құбылыстарды айқындаудағы төл терминологиясын қолдануы оның ғылыми мұрасын зерттеушілер тарапынан айқын көрсетіліп келеді. Солардың бірі – филология ғылымдарының



докторы Әрсен Ибатов. Мәселен ол былай деп жазады: «Сөз тұлғасын Құдайберген Жұбанов түп мүше және жамау мүше деп екі жікке бөледі. А. Ысқақов бұлардың алғашқысын – түбір морфема, екіншісін қосымша морфема деп атайды. Біздің зерттеулерімізде бұлар негізгі морфемалар және қосылма морфемалар деп аталады» [6, 128-136-бб.]. Осылайша, ол Қ. Жұбанов еңбектерінде біріккен сөздер – кіріккен сөздер, қос сөздер – қосар сөздер, қысқарған сөздер – қиюлы сөздер деп қолданғандығын, біздің тіл білімінде олардың алғашқыларының орныққандығын нақты мысалдармен дәлелдейді. Ол сондай-ақ, қосымшалар терминін алғаш Қ. Жұбанов өз зерттеулерінде қолданып, содан күні бүгінге дейін осылайша қалыптасып кеткенін, тек оның түрлері, яғни жұрнақ пен жалғау – ғалым зерттеулерінде үстеу мен жалғау түрінде қолданылып, оның бірі қалып, екіншісі орнын басқа терминге /жұрнақ/ беруге мәжбүр болғанын өте нанымды дәлелдеген.

Профессор Қ. Жұбановтың терминологиямен қатысты басты жаңалығы – қазақ орфографиясын тұрақтандырудағы рөлі екенін жоғарыда атап өттік. Ғалым орыс тілінен енген интернационал терминдер тұлғасын өзгертпей жазу принципін алғаш ұсынып, және ол пікірін жан-жақты дәлелдеп те шықты. Өйткені барынша естілуіне қарай, тұлғасын сақтап жазамыз деген жазу – тілдегі сауатсыздықты ерекше күшейте түсетін еді. Мәселен, ол сол кезде ең жиі қолданылатын «коммунист» сөзін алып, оның сол кездегі мерзімді баспасөз бетінде естілуі бойынша көменес, кәмунес, кәмунөс және т.б. 16 вариантта жазылып, оқылып жүргенін келтіре отыра, мұндай ала-құлалықтан құтылудың бірден-бір жолы – оның орысша тұлғасын сақтап жазу деп ұсынады.

Сонымен, қорыта айтар болсақ, қазақ тіл білімі тарихында қазақ терминологиясының жасалу, даму тарихын жүйелі де, ғылыми дәрежеде зерттеген ғалым – профессор Құдайберген Жұбанов.

III

X. Досмұхамедұлының лингвистикалық термин қалыптастырудағы қызметі

Терминология мәселесі қашанда ғылым тілімен, қандай да бір болмасын ғылым саласын алға сүйреуші ғалымдар есімімен байланысты. Бүгінгі дамыған қазақ ғылымының бастау көзін, ондағы терминологиялық

жүйенің қалыптасу тарихын білгіміз келсе, біз қашанда сол ғылымның көшбастаушысы болған ғалымдар еңбектеріне үңілуіміз керек. Осындай арыстың бірі, қазақ ғылымы мен мәдениетінде өшпес із қалдырған оқымысты – Халел Досмұхамедұлы. 1903-09 жылдары Петербордағы Императорлық әскери-медицина академиясын алтын медальмен бітірген ғұлама ғалым кейін Ташкентте тұрған оншақты жыл бейбіт өмірінде тарих, әдебиет, тіл, медицина, гигиена, педагогика, биология, табиғаттану сияқты қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының сан түрлі саласында мәңгі өшпестей із, мұра – оқулық, кітап, мақалаларын қалдырды.

Энциклопедист-ғалым Х. Досмұхамедұлы негізгі мамандығы дәрігер бола тұра, оны тіл мәселесінің зәру проблемалары бей-жай қалдырған жоқ. Өз ана тілін сүйіп, оған қамқоршы болам деп талпынған ұлтжанды ғалым тілдің қоғам өмірінде, оның ішінде ғылым-білім саласында атқарар рөлін жоғары қойды. Ол бірде: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады» [7, 3-бет.], – десе, енді бір жерде: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші. ... Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» [8,49-бет.], – деген қорытындыға келеді.

Ал оның осыдан көп бұрын: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате. Бұл – оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек», [7, 53-б] – деуі күні бүгінгі күні өзекті мәселе болып отырған мемлекеттік тіл тұрғысынан есте ұстар қағида әрі жастарға өнеге боларлықтай, ана тілін қадірлеуге шақырған ұлағатты сөздер.

Х. Досмұхамедұлы сол кездегі талас-тартыс тудырып жүрген емле, әліпби, пән атаулары /терминология/, дыбыс заңдылықтары сияқты көкейкесті, зәру мәселелерге көп көңіл бөлген ғалым.

Қазақ тіліне қатысты туындыларының ішінде аса бір білімдарлықпен жазылған еңбегі – «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» кітапшасы. Ол 1924 жылы Ташкентте басылып шықты. Ғалым бұл еңбегінде қазақ тілінің ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тіл заңы – сингармонизм мәселесін сөз етеді. Әсіресе, шет ел тілдерінен алынған сөздердің айтылымы мен жазылуында бұл заң сақталмай, бұзылып отырғанын қынжыла айтып, алаңдаушылық білдіреді. «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде, – деп жазады ғалым, – шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де



жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес. Оқушыға да, үйренушілерге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды. Топан судай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске сала кеткіміз келеді» [7, 82-б.]. Міне, осы дәйексөздегі «жат сөз» термині «кірме сөз» орнына қолданылып тұрған лингвистикалық атау. Бұл сол тұста өте жиі қолданылған термин. Тіпті Нәзір Төрекұловтың «Жат сөздер» деген кітабы да болған. Әрине, жат сөз терминінде «жат», яғни «жау» деген жағымсыз мағына бар. Шет сөздер, кірме элементтер тілімізге негізінен орыс тілінен енетін болғандықтан кейінірек ол атаудан ғалымдарымыздың қашып, «кірме», «шет» деген ұғымдармен ауыстырмасқа шаралары қалмаған еді.

Х. Досмұхамедұлының тілге қатысты еңбектерінің қатарына жоғарыда аталған кітапшасынан басқа «Диуани лұғат ат-түрк», «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі», «Қазағыстан Білім ордасы қабылдаған пән сөздері» мақалаларын, «Жат сөздер» атты рецензиясын және «1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөздерін» жатқызуға болады.

Бұлардың ішінде, әсіресе, «Шолпан» журналына /1923, № 6-7-8/ жарияланған «Диуани лұғат ат-түрк» журналдық сын-мақаласының орны ерекше. Ерекше энциклопедист-ғалымның Түркияда түрік тілінде жарық көрген М. Қашғари мұрасын арнайы тапқызып алып, онымен өзі ғана танысып қоймай, оның тарихымен қазақ оқырмандарын таныстыруы, құр таныстырып ғана қоймай өте орынды сыни пікірлер айтуы – тіпті бүгінгі зиялы қауым өкілдерін де тәнті қылады. Автор қолданған арнайы лингвистикалық терминдерді, әсіресе араб-парсы нұсқасында, еш аударма, түсініксіз қолданған тұстарда бүгінгі сауатты тілшінің өзі сөздіксіз, ғылыми түсініктемесіз /комментарийсіз/ ұғынуы мүмкін емес.

Біз енді ғалым қолданған терминдерді көрсетіп кетелік:

- түп /жилда/ – том деген мағынада,
- фән кітаптары – ғылым кітаптары,
- асас – негіз,
- аһамият – маңыз, мән, мағына,
- әсер – шығарма, еңбек; туынды, ескерткіш,
- эфенді – мырза,
- бігіктас – жазулы тас, ескерткіш,
- ғайд – қатысты,

- ғайри – тағы басқа,
- ғанғана – дәстүр,
- жуһуд – еврей /жөйт/,
- иқтиқад – сенім,
- иқтисадий – экономикалық,
- қабила – тайпа,
- қатғи – түпкілікті, тиянақты,
- Мағариф назараты – Оқу министрлігі,
- мадди – материалдық,
- мағфауқа ат-табиғи – табиғаттан тыс, жоғары,
- мунасабат – қарым-қатынас, байланыс,
- муһим – маңызды,
- ләһже – диалект,
- нәср – христиан діні,
- нәшр – басу /осыдан баспахан – «нәшрият»/
- низам – жинақ,
- расадхана – обсерватория,
- рахтади – рақат,
- салахиат – жетік білу, хабардарлық,
- тақаррабат – жақындық,
- тәсір – әсер,
- фәни усул – ғылыми тәсіл,
- фарсах – 7-8 шақырымға тең қашықтық,
- тәкшіл ету – ұйымдастыру,
- хасыл болу – мұратына жету, орындалу,
- хилафат – қарама-қарсы,
- шахс – жеке адам, кісі,
- майданға шығарды – жарыққа шығарды,
- Милли тетеббулер меджуасы – Ұлттық зерттеулер журналы.

Міне, Х. Досмұхамедұлының аталған мақаласын оқи отырып, бүгінгі оқырманға түсініксіз сөздердің бір тобын осылайша бөліп алуға болады. Ал олардың семантикасын ашу үшін қолға міндетті түрде Н. Ондасыновтың «Арабша-қазақша» және «Парсыша-қазақша сөздіктерін», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін» және басқа да арнаулы әдебиеттерді алу керек. Ал Х. Досмұхамедұлы бұл терминдердің көпшілігін кәдімгі қарапайым, әдеби тіл элементі ретінде қолдана береді. Өйткені сол тұстағы оқырман, әсіресе зиялы қауым араб-парсы тілдерін жақсы білетін, тіпті білмеген күннің өзінде бұл тілдер элементі көп татар әдеби тілін /кітаптарын/

міндетті түрде білуші еді. Енді осы мысалдардағы кейбір лингвистикалық терминдерге мысалдар келтіре кетелік:

1. Осылардың үстіне ислам ғалымдарына қарсы мадди мәдениет, шаруашылық, егіншілік, сауда-санағат терминдеріне ерекше назар салған. Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрк ғалымы /Фараби/ бастап жазған болса, Махмұд Қашғаридің да таза бір дүниауи /светский/ ғалым, дүниауи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды.

2. Түрк қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1189-ыншы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған /өзгерткен/ ескі түрк, Орхон «бітіктастары» қандай аһамияты болса, Махмуд Қашғари кітабының да аһамияты сондай. Махмуд Қашқаридың түрк қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күл-тегін, Білге хандардың мунасабатындай һәм түрк руларын, түрк тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық болған.

3. Махмуд Қашғари Тянь-Шань үстінде һәм оның екі жағында оғыз, шігіл, йағма, тухси, қырғыз, ұйғыр, қыпшақ, йамақ, басмыл, татар, башқұрт, бұлғар, қарлұқ сияқты түрк қауымдарының тілдері тақарраба осы соңғы заманда Радлов кітаптарында жазылғандай қылып татбики /сравнительная/ фонетикасын береді. Түрк тіршілігінің һәр жағынан алынған һәр түрлі 238 шамалы таза түрк өлеңдері һәм 270 шамалы мақалдар, өте көп сөйлемдер келтіреді. Әсіресе Махмұд Қашқаридің түрлі рулардың ләһже /наречие/ айырмалары туралы берген мағлұматы өте қымбатты.

4. Түрік сөзін араб харфімен жазған адам, әрине, Қашғари бірінші /тұңғыш/ адам болған. Ал араб харфін түрк харфі демейді. Түрк сөзін тек арабтарға һәм басқаларға түсіндіру үшін ғана араб харфімен жазады. Ол түрк харфі деп ұйғырша харфті біледі. Ұйғыр харфтерімен жазудың жол-жобаларын һәм араб харфімен жазылған сөздердің ұйғырша қалай жазылғанын көрсетеді. Араб харфімен жазылған асты, үсті /харакат/, сукунымен жазған. Һәр түрлі харфтің махражун /дыбыс шығаратын орны/, һәр хараке, сукунның қалай жұмсалуды хақында ашық мағлұмат береді. Соның үстіне араб сөздері бәрі де асты-үстімен жазылған. Мінеки соның үшін де һәр сөздің қалай айтылуы, мағынасы туралы һеш қатесіз ашық, қатғи мағлұмат алынады.

5. Мұның арқасында ескі ұйғыр әсерлерін, әсіресе, «Құтадғу білікті» жаңадан қарап шығуға ләзім болады һәм түркі тілдерінің, түркі әдебиетінің

тарихи үйрену бабында жаңа дәуір кіргізген. Махмуд Қашқаридің айтуынша, бұл түрк ғалымы және де түрк тілінің наху, сарфы туралы «Китабу джауаһир ан-нахуи фи лұғат ат-түрк» есімімен арнап бір кітап жазған екен. Әгәр бұл кітап табылса, өте жақсы болар еді. Сондағы осы табылған кітабы, әрине, оның ең үлкен асыл кітабы. Мұнымен де мақсуд хасыл болады. Түрктің өз арасынан шыққан бұл ғалымның мәдени ижтимаий-тарихи, икқтисадий мағлұматтары истахдері /термин/ арасында күнбатыс Тукиу-түрк хүкіметі бұзылғаннан татарлар дәуіріне дейін тұрған бұл кенгеше фақат ибн Хордабек, Қудам, Гардизи, Ауфи уа ғайри сияқты араб, парсы жағрафия ғалымдарының ұзын құлақ хабарынша жазған жарқым-жұрты шағақ жазуларына һәм Қытай мағлұматына қарап үйренілген түрктердің ішкі тіршіліктері анық мәлім болды.

Міне, осы үзінділерден Х. Досмұхамедұлының өз заманында қандай сауатты адам болғандығы айқын көрініп тұр ғой деп ойлаймыз. Сол тұста /1923 жылдары/ Ахмет Байтұрсыновтың өзі арабтың наху /синтаксис/, сарф /грамматика/ сияқты терминдерінен қашып, көбінше елге түсінікті «дыбыс және оның түрлері» /фонетика/, «сөз және оның түрлері» /морфология, «сөйлем және оның түрлері» /синтаксис/ түрінде түсіндірмелі терминдерді қолдана бастаса, Х. Досмұхамедұлы керісінше, оларды мольнан пайдаланады. Бұған, біріншіден, жазып отырған материалы /араб тілді «Диуан»/ себепші болса, екіншіден, журналдың өз тіліне араб-парсы элементтерін көп сіңірген Ташкент шаһарында шығып тұруы да себеп болуы мүмкін.

Әйтпесе, тіл ғылымын барынша меңгерген /оны жоғарыдағы Орхон жазулары, Томсен, Радлов т.б. лингвистер еңбектерімен жан-жақты таныстығы да дәлелдесе керек/, бірнеше тіл меңгерген ғалым терминологиямен, пән атауларымен арнайы айналысқан. Ташкентте ұйымдастырылған Қазақ-қырғыз Білім комиссиясының төрағасы ретінде бұл жұмыспен айналысуға ол міндетті де еді. Пән атауларына /яғни терминологияға/ байланысты айтыстарға қызу араласа отырып, Х. Досмұхамедұлы оларды қабылдаудың, бекітудің өзіндік жолдарын ұсынады. Бұл орайда ол былай деп жазады: «Бүкіл қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған комиссиялар болуы керек. Пән сөздері әуелі пән комиссиясының сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсінуге тиіс. Ол пән сөздері сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекітіліп шығуға тиіс» (9,83-б.). Міне, осы ұсыныстардың нәтижесінде Мемтерминком құрылған болатын.



1920-30 жылдар қазақ тілі терминологиясындағы ең бір күрделі жылдар болатын. Өйткені, бұл кезде қазақ тіліндегі газет-журналдар көбейе бастады, ана тілінде алғашқы оқулықтар жазылды, жалпы кітап шығару ісі жөнге қойылды. Міне, осы кезде зиялы қауым алдына жаңа пән атауларын жасау, шет тілдерден енгендерін аудару мәселесі тұрды. Ғалым бұл орайда өзіндік принцип ұстанды. Оны Х. Досмұхамедұлының мына бір сөздерінен көруге болады: «Мәдениет қуған жұрттың ең алдымен тілі өзгермекші. Шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер келмекші. Білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөзі болмақшы» [7, 3-б.]. Европа жұрттарының ғылым тілі қылып алған тілі – латын тілі екенін айта келіп, ғалым: «Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады», – десе, өзінің шығармашылық қиыншылықтарын: «Термин табу бек қиын. Сөйткенмен, қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық» [10, 3-б.], «Сөздің көбі жат жануарлар тұрасында болғандықтан, ғылым атауларын дұрыстап тағу жөнінде көп бейнет шектік. Ғылым атауларын қолымыздан келгенше түсінікті қылуға тырыстық» [11, 5-б.], – деп мойындайды.

Ғалым сол кездегі өзекті де даулы мәселенің бірі – емлеге көп көңіл бөлді. Бірде ол шет ел тілдерінен енген сөздердің жазылуын сөз етсе, бірде жазылуы дүдәмал сөздерді ретке келтіріп, бір ізге түсіруге ат салысты.

Х. Досмұхамедұлының әдеби тіл туралы, оның негізі, баю жолдары туралы айтқан пікірлері де зерттеушіге ой салатын пайымдаулар. Өткен ғасырда қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың біразы таза қазақ тілінде емес, татар, араб-парсы сөздері араласқан кітаби тіл дәстүрімен жазылған қойыртпақ тілде жазылғанын айта келіп, оны «шатақ тіл» дейді. Ал әдеби тілдің негізі жалпыхалықтық тіл болуы керектігін ескерте келіп, «Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады», – дейді.

Ғалым тілдің тазалығын, оның нормасын, халықтық негізін сақтауда мектеп пен баланың рөлін бірінші қатарға қойып қарастырған. «Мектеп пен баланың тілі дұрыс болса, елдің тілі көркейіп, байып, гүлденеді», – дейді. «Осы күнгі әдеби тіліміз өте қарқындап өсіп барады. Бір жағынан өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан жат сөздерді кіргізіп байып барады», – дейді.

Сонымен, қорыта айтқанда, қалың көпшілік қауым арасында дәрігер, қоғам қайраткері, биолог ретінде танылған Х. Досмұхамедұлының қазақ тілінің терминологиясы, фонетикасы, емле, түркі тілдерінің тарихы, әдеби тіл, көркем әдебиет тілі туралы пайымдаулары оның лингвист-ғалым екенін көрсететінін мойындалған факт. Байқап отырсақ, осы күнде өткір қойылып отырған зәру, көкейкесті мәселелердің көпшілігі кезінде Х. Досмұхамедұлының қаламынан туған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» кітапшасында, басқа да көптеген мақалаларында сөз болған. Сондықтан ғалымның лингвистикалық еңбектері, оның теориялық және практикалық пайымдаулары осы күні де мәнін жоймай келе жатқан еңбектер деп есептейміз.

Қорыта келгенде, қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық термин қалыптастыру мәселесі – толық шешімін тапқан проблема деуге болмайды, өйткені өркендеп отырған ғылыммен бірге жаңа терминдер күн сайын тілге еніп отыр. Бұрын С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың авторлығымен шыққан «Лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1956) ғана бар еді. Одан кейін 40 жылдан кейін ғана А.С. Аманжоловтың «Қазақша-орысшалыңгвистикалық терминологиялық сөздігі» (Алматы, 1997) жарық көрді. Осы екі аралықта қызық тіл біліміндегі лингвистикалық терминологияның белсенді зерттелмеуінің бір себебі – ұзақ жылдар бойы А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдардың аттары аталмай, еңбектерінің «жабық» болып келуі болды.

1925 жылдан бастап А. Байтұрсынов бастаған алдыңғы буын зиялылар қуғынға түсе бастаған соң, 1928-29 жылдардан кейін олардың бірдебір кітаптары баспа бетін көрмеді. Олар жазған оқулықтар айналымнан алынып тасталды. Олардың орнын басқан жас ғалымдарға дәл сол тақырыпта жаңа кітаптар, оқулықтар жазу тапсырылды. А. Байтұрсынов өз кітаптарында пайдаланған терминдер де «зиянкес» деп танылып, оларды өзгерту міндеті қойылды. Бірақ А. Байтұрсынов ұсынған лингвистикалық терминдер мен терминология бүгінге дейін мектеп оқулықтары мен ғылым тілінде сақталып келеді.



Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
2. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990.
3. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991.
4. Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990.
5. Оралбаева Н. Грамматика ілімінің бастау көздері//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990.
6. Ибатов А. Сөз тұлғалану процесін зерделеуші // Қ. Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990.
7. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Ташкент, 1924.
8. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.
9. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925.
10. Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. – Ташкент, 1922.
11. Досмұхамедұлы Х. Табиғаттану. – Ташкент, 1922.

ҰСЫНЫСТАР, ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен көпшілік талқысына ұсынылған терминологиялық сөздіктен үзінді мен жекелеген терминдердің жасалуына, қолданысына қатысты мамандар пікірлері жарияланып отыр.



Байынқол Қалиұлы,
филология ғылымдарының докторы, профессор

«Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» жайында

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бюллетенінің (Терминологиялық хабаршының) 2009 жылғы 3-нөмірінде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімінің қызметкерлері дайындаған «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша сөздігінің» бір бөлігі (А, Б, В әріптері бойынша) жарияланыпты. Сөздіктің кіріспе бөлігінде сөздік «оқырман талқысына ұсынылады» деп жазылыпты. Көп оқырманның бірі ретінде ұсынылған сөздікке өз пікірімізді білдіруді жөн көрдік.

Бірінші кезекте айтпағымыз: халыққа мұндай сөздік, сөз жоқ, қажет. Мемлекеттік тілді – қазақ тілін дамытқымыз келсе, алдымен оның терминологиясын жөндеп алуымыз керек екендігі әлімсақтан белгілі. Оған дәлел ретінде қазіргі кезде қазақша жазатындар орысша терминдердің қазақша баламаларын іздеп, әлекке түсіп жүретіндіктерін айтсақ та жеткілікті болар деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің маңызы зор екендіктерін айта келіп, Тіл білімі институты қызметкерлерінің бұл істерін құптайтындығымызды білдіргіміз келеді.

Екінші айтпағымыз, сөздікті жасағаннан кейін оның сапалы болып шығу жағын ойластырып, әрі елге пайдасы тиетіндей етіп жасаған дұрыс. Ал біздердің көпшілігіміз сөздіктерді асығыс, шала жасаймыз да баспадан шығып кеткеннен кейін оның «ана жері анадай екен, мына жері мынадай екен» деп күңкілдейміз де жүреміз. Нәтижесінде сөздік халықтың мұқтажын өтей алмай, жарамсыз болып қалады.

«Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» де сондай болып шықпас үшін, біз оның кейбір кемшін тұстарына ғана көңіл аударғымыз келеді. Ол үшін ең алдымен оқырмандарымызды сол сөздік бойынша жасалған төмендегі кестемен таныстырып алайық:

Кесте
ұсынылған қоғамдық ғылымдар терминдері
құрамының сандық тұрғыдан сипатталады

Реті	Таза орысша		Бірі – орысша, екіншісі – қазақша		Таза қазақша		Аралас		Жалпы есебі	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
А	300	9,73	50	1,62	309	10,02	524	17,00	1183	38,37
Б	110	3,57	14	0,46	502	16,29	305	9,89	931	30,20
В	43	1,39	8	0,26	674	21,86	244	7,91	969	31,43
Жиын-тығы	453	14,69	72	2,34	1485	48,17	1073	34,80	3083	100,00

Кестеде ұсынылған орысша-қазақша терминдердің тек бір жағы ғана, яғни тек қазақша сыңарлары ғана сөз болады. Ұқыптап қараған кісі сөздіктегі барлық 3083 сөздің 1485-і (48,17%) орысша немесе қазақшасы аралас сөздер екенін байқай алады. Олай болса, мұндай сөздікті «орысша-қазақша сөздік» деп емес, «орысша-орысша сөздік» деп атауға тура келген болар еді. Бұлай болмас үшін сөздікті түзушілер оның қазақша сыңарларының мүмкіндігінше азайту жағын ойластырулары керек.

Біздің ойымызша оның жолдары мыналар:

1) Қазақша баламасы жоқ, тек орысшасы ғана бар *абандон-абандон, банджо-банджо, валиха-валиха* деген сияқты «аудармаларды» сөздікке ендірген жөн (1-бағанға қараңыз).

2) Сөздіктегі қазақша баламасы *ретінде абдолин-абдолин, шаян төсі; блицкриг-блицкриг, қауырт соғыс; виремент-виремент, ақша аудару жолы* деп, бірі – орысша, екіншісі – қазақша екі терминді қатар беруге мүлде болмайды. Оның тек қазақшасын беру керек. Ұсынылған сөздіктегідей оларды қатар берсек, ешкім оның қазақша сыңарын қолданбайды, тек орысшасын ғана қолданады (2-бағанға қараңыз).

Үшінші айтпағымыз: ұсынылып отырған терминологиялық сөздікте термин емес сөздер көп. Оларды сөздікке кіргізбеген абзал. Мысалы:

1) Күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым зат атаулары: *баня, брат мужа, бритва, булочка, бумага, бутылка, быт, варенье, веник, верблюдовод, весло, весовщик, вилки, ведро, вор* т.б.

2) Әр түрлі тіл атаулары: *абазинский язык, абхазский язык, адыгейский язык, алтайские языки, английский язык, балтийские языки, банту язык, башкирский язык, белорусский язык, бирменский язык, болгарский язык, бурятский язык* т.б.

3) Өсімдік атаулары: *брюква – тарна, бук – шамшат, бузина – ырғай, аюбадам, вика\| горошек – сиыржоңышқа, вишня – шие, волокнистый лук – талшықты жуа, атжуа* т.б.

Абай өлеңі, Абай шумағы, Жалмауызкемпір, Тіл біліміне кіріспе деген сияқтыларды да осы қатарға жатқызуға болады.

Кестенің үшінші бағанында көрсетілгендей сөздіктегі таза қазақша сөздердің (аудармалардың) жиынтығы – 1485 сөз (термин). Бұл барлық атау сөздердің 48% құрайды. Ал орысша және орысшасы аралас терминдердің саны – 1598 сөз. Ол сөздіктің 52% құрайды. 48% көп пе, 52% көп пе? Әрине соңғысы көп. Бұдан шығатын қорытынды біреу ғана. Ол сөздік орысша-қазақша деп аталғаннан кейін оның екінші жағы (қазақша жағы) түгелге жуық болмағанның өзінде оның көпшілігі қазақша болу керек. Сонда сөздік өзінің атына сай келеді. Сөздікшілер сөздіктің осы жағын да ойластырғаны жөн.

Ескерте кететін бір нәрсе: 3-ші бағандағы қазақша терминдердің кейбіреулерін сөздікшілердің қайта қарағаны жөн сияқты. Мәселен, ұсынылған сөздікте «*астеник-талдырмаш*» делініпті. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде «Астеник – человек, страдающий астенией» делінген. Астения сөзіне қарасак: «Астения – состояние нервной и психологической слабости, быстрой утомляемости, бессилия» деп анықтама беріліпті. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне қарап көріп едік, талдырмаш сөзі – «тал шыбықтай, үзіліп тұрған, нәзік, жіңішке» деп түсіндіріледі. Аударма дұрыс па, дұрыс емес пе? Өздеріңіз көріп отырсыздар.

Ұсынылған сөздікте кездесетін *амфора – хұм, ауда – жапут, багет – шамша, трезвучие – үшендыбыстылық* (83 б.) дегендердің қазақша баламалары үйлесіп тұрған жоқ. *Активный словарь – белсенді сөздік* (44), *аппарат книги – кітап құралы* (54), *бюллетень – іс жаршы* (92), *бюро – орган* (92), *вариант – түрім* (94), *вещественные существительные – заттық зат есімдер* (101), *возрастная группа – жас тобы* (117), *вооруженный отпор – қарулы күштер* (120) дегендердің қазақша баламалары құлаққа жат естіледі, сенімді емес. Сондай-ақ ұсынылған сөздікте *апофеоз – ұлықтау* деп аударылыпты (54). Бұқаралық ақпарат құралдарында *ұлықтау* сөзі *инаугурация* сөзінің орнына қолданылып жүр. *Водоспорная галерея – керіз* делініпті (114). Тілімізде керіз деген сөз жоқ, *кәріз* деген

сөз бар. Бірақ бұл сөзді терминком *канализация* сөзінің баламасы ретінде бекіткен. Халық болса *кәріз* деп *бассейнді* атайды.

Қалыптасқан заңдылық бойынша, жаңадан жасалған кез келген терминологиялық сөздік терминком бекіткен және түзеткен терминдерді сол бекіткен (түзетілген) күйінде алуы керек. Бұл талқылауға жатпайтын аксиома. Мына ұсынылып отырған сөздікте бұл мәселе әруақыт ескеріле бермейтін секілді. Біз бәрін емес, 2006 жылдың маусым айында бекітіліп, «Егемен Қазақстанның» сол айдың 13-і күнгі нөмірінде жарияланған терминдерді тексеріп көріп едік, сөздікті түзушілердің оған қарамағандықтарына көзіміз жетті. Мәселен онда терминком *абзац – азатжол, адрес – мекенжай, атрибут – төлсіпат, блокировка – құрсаулау, брошюра – кітапша, вариант – нұсқа, версия – нобай* деп бекітіп берген. Ұсынылған сөздікте *абзац, атрибут, блокировка* дегендер орысша күйінде алынған да, ал *брошюра, вариант, версия* дегендерге бірі – орысша, екіншісі – қазақша екі жарыспалы сөзді (*версия – версия, болжам* сияқты) қатар берген.

Мұндай олқылықтарды бұрын бекітілген басқа да терминдерден байқауға болады. Мәселен, бұрын *азбука – әліппе, алфавит – әліпби, баланс – теңгерім, 2) теңдестік, транспорт – көлік* деп бекітілген терминдер ұсынылған сөздікте *азбука – әліпби (42), алфавит – алфавит (46), баланс – баланс (65), транспорт – транспорт (36)* деп берілген. Әрине, бұл сияқтыларды құптауға болмайды.

Өзіміз аралас деп атаған 4-ші бағандағы терминдердің қатарына *аннал[ы] – аннал+дар, баптист[ы] – баптистер, вагант[ы] – вагант+тар, вирш[ы]+ вирш[тер], абиссинец – абиссин+дік, бедность – кедей+лік, абиотические факторы – абиотика+лық фактор+лар, библейские апокриоды – библия+лық апокрифод+тар, вассальное государство – вассал+дық мемлекет* дегендер сияқты құрама терминдерді жатқызып отырмыз. Мұндайлардың да саны аз емес (1073≈34,80%), сондықтан олардың ұсынылған сөздіктегі санын мүмкіндігінше қысқарту қажет секілді.

Ұсынылған сөздікте араб тілінің бей-префиксімен жасалған *бейзаматтық (54), бейәдеби (103), бейпартиялық (74), бейсаналылық (75), бейсаясаттық (54)* деген сияқты 5-6 сөз жүр. Бұларды сөздіктен мүлдем алып тастаған мақұл. Әйтпесе қазақ тілін қопарылмалы (флективті) тілдердің қатарына қосып, елге әбден күлкі болуымыз мүмкін.

Соңына қарай айтарымыз: қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (2007) бірге жазылып көрсетілген *бойтұмар (49), жанқалта (83), күретамыр (57), қосазаматтық (77), суқұбыры (114), төбетон (100)* деген



сияқты біраз сөздер ұсынылған сөздікте бөлек жазылыпты (көрсетілген беттерге қараңыз).

Сондай-ақ ұсынылған сөздікте *сутартқыш*, *суқыздырғыш* дегендер бірге жазылған да, ал осылардан ешқандай айырмашылықтары жоқ *су қабылдағыш*, *су сорғы(сы)* дегендер (бәрі де 114-беттер) бөлек жазылған.

Бұларды түзеткен орынды. Әйтпесе былайғы жұртқа «Тіл білімі институтының қызметкерлері өздерінде жасалған (жазылған) еңбектерді өздері оқымайды екен» деген пікір туындап қалуы ғажап емес.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды (ұсыныстарымыз):

1) Терминологиялық сөздіктерге термин емес сөздерді қоспай, онда тек термин сөздердің ғана қамтылғаны абзал.

2) Орысша терминдердің қазақша баламалары болса ғана оларды сөздікке енгізіп, ал қазақша баламасы болмаса сөздікке ендірудің қажеті жоқ. Абандон – абандон, абанитон – абанитон, аббат – аббат дегендер қазақ тіліне ешқандай пайда келтірмейді.

3) Орысша терминге бірі – орысша, екіншісі – қазақша екі сөзді қатар беруге де болмайды. Бұл «қалағаныңды қолдана бер» деген сөз. Егер олай ете берсек бірлі-жарым ұлтжанды азаматтар болмаса, қалған елдің бәрі оның орысша сыңарын ғана пайдаланып, қазақшасы айдалада қалады.

4) Жаңа сөздікті жасауға, оны баспадан бастырып шығаруға үкімет ақша берген екен, сөздікшілер ол сөздіктің сапалы болып шығуына жауапты болуға тиісті. Ол үшін бірінші кезекте сөздікшілер сөздікті сапалы етіп жасауы керек. Екінші кезекте жасалған сөздікке құрметті редактор емес, жұмыс істейтін, пайдасы тиетін, ақылы редактор тағайындалып, ол сөздікті мұқият редакциялап (түзетіп) шығуы қажет. Үшінші кезекте сөздіктің қолжазбасын мақтайтын рецензент емес, оның кемшіліктерін көрсетіп беретін рецензентті тауып, оған қаламақысын төлеп, сөздіктің кемшіліктерін айқындатып алулары керек. Көрсетілген кемшіліктерді түзеп, содан кейін ғана баспаға ұсынылса, сонда сөздік сапалы болып шығады. Ондай сөздіктердің елге тиер пайдасы да мол болады.

Махабат Рымқұлұлы Түсіпбек,
техника ғылымдарының
докторы, профессор,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері
Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ

Жекелеген терминдер туралы ұсыныс

Поршень – орысшасы француз тілінен алынған, ағылшындар **пистон** дейді, немістер оны **баллон** дейді. Ал, біз қалай атаймыз? Бұл сөзге өзіміздің тілімізде ұқсас құрылғы бар – **піспек**.

Осы атаулардың түпкі мағыналарын, неде қолданылатын, қасиеттерінің (техникалық) мүмкіншіліктерін сарапқа салсақ, солардың ішінде ең ұтымды өзіміздің сөзіміз шығады – **піспек**. Сонда осы атаудың қандай кемістігі бар, шет тілдеріндегі баламалармен салыстырсақ? Қазақшаландырған әр бір жаңа термин осындай сараптамадан өткізілді.

Техникалық терминдерді ең әуелі біз – инженерлер пайдаланамыз.

Терминком «Станок» деген атауды біздің ұсынысымызбен, яғни «**білдек**» деп бекітті. Осы термин қазақ тіліндегі оқулықтарға, техникалық кітаптарға енгізілген.

Аббревиатура – **ықша**. Түбірі **ықшам** – портативный, собранный, краткий, сжатый. Аббревиатура – итальяндық сөз. Мағынасы – сокращение, сжатие.

Природная катастрофа (авария) – қазақтың «апат» сөзі дәл келеді. Ал техникалық мағынада құрылғылар *апатталмайды* – керісінше қирайды. Сондықтан, жаңа сөз – «**қирам**» техника құрылымдарға сәйкес дәл келеді ғой деп ойлаймын.



**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Терминология бөлімінің
қызметкерлері дайындаған, алдағы уақытта жарық көретін
«Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша сөздігінің»
бір бөлігі оқырман қауым талқысына ұсынылып отыр
(жалғасы басы өткен санда)**

восточный фронт	шығыс майданы
востребование	талап ету
восходящая интонация	көтеріңкі интонация
восходящее ударение	үдемелі екпін
восходящий дифтонг	үдемелі дифтонг
восходящий звук, тон китайского слога	өрлемелі дыбыс
восхождение абстрактного к конкретному	абстрактыдан нақтыға өту
восхождение	шыңға шығу
восьмая нота	сегіздік нота
восьмая пауза	сегізінші тыныс
восьмидольные стопы	сегіз үлесті бунақтар
восьмиканатная юрта	сегіз қанатты үй
восьмилетняя школа	сегізжылдық мектеп
восьмисложник	сегіз буынды өлең
вотум доверия	сенім білдіру
вотум недоверия	сенімсіздік білдіру
вотчина	вотчина
воюющая сторона	соғысушы тарап

впечатление	эсер
впечатывание	үстеме басу
враг	дұшпан
вражда	араздық, жаулық
вратарь; голкипер	қақпапшы
врач соревнования	жарыс дәрігері
врачебная комиссия	дәрігерлік комиссия
врачебная ответственность	дәрігерлік жауапкершілік
врачебная тайна	дәрігерлік құпия
врачебно-трудовая экспертная комиссия	дәрігерлік еңбек-сарапшы комиссиясы
врачебное наблюдение	дәрігерлік бақылау
врачебный осмотр	дәрігерлік байқау
врачебный участок	дәрігерлік учаске
вращающий момент	шыр айналу сәті
вращение	шыр айналдыру
вред	зиян
вредитель	зиянкес
вредительство	зиянкестік
вредное воздействие вод	судың зиянды әсері
вредность	зияндылық
вредные привычки	зиянды әрекеттер
времена глагола	етістік шақтары
времена причастия	есімшенің шақтары
временная апперцепция	уақытша апперцепция



временная виза	уақытша виза
временная нетрудоспособность	жұмысқа уақытша қабілетсіздік
временная преференция	уақытша артықшылық
временная работа	уақытша жұмыс
временная связь	уақытша байланыс
временно исполняющий обязанности	уақытша міндетін атқарушы
временно отсутствующие	уақытша қатыспаушылар
временное закрытие границы	шекараны уақытша жабу
временное изменение	шақтық өзгеріс
временное обязательство	уақытша міндет
временное правительство	уақытша үкімет
временное революционное правительство	революциялық уақытша үкімет
временное соглашение	уақытша келісім
временное укрепление	уақытша бекініс
временные жильцы	уақытша тұрғындар
временные отношения	уақытша қатынас
временные разницы	уақыттық айырмашылықтар
временный ангар	уақытша ангар
временный аэродром	уақытша аэродром
временный поверенный	уақытша сенімді өкіл
временный пограничный пост	уақытша шекаралық пост
временный представитель	уақытша өкіл
временный работник	уақытша қызметкер
время будущее неопределенное	белгісіз келер шақ

время допроса	жауап уақыты
время и пространство	уақыт және кеңістік
время игры	ойын уақыты
время исполнения налогового обязательства	салық міндеттемесінің орындалу уақыты
время сна	ұйқы уақыты
время	уақыт, мезгіл, мерзім
врожденная деятельность	тума іс-әрекет
врожденное движение	тума қозғалыс
врожденные задатки	тума нышандар
врожденные идеи	тума біткен идеялар
врожденные инстинкты	тума түйсіктер
врожденный	тумыстан
вручение верительных грамот	сенім грамоталарын тапсыру
всадник, верховой	салт атты
всасывающий рукав	сорғыш жең
всевластие	тежеусіз билікпену
вселенский разум	әлемдік ақыл
всемирная олимпиада студентов	студенттердің бүкіләлемдік олимпиадасы
всеобуч	жалпы үйрету
всеобщая история	жалпы тарих
всеобщая причинная связь	жалпылама себепті байланыс
всеобщая теория бытия	жалпылама болмыс теориясы
всеобщее избирательное право	жалпыға бірдей сайлау құқығы



всеобщее обучение	жалпы оқыту
всеобщее понятие	бәріне ортақ ұғым
всеобщее	жалпыға бірдей
всеобщие выборы	жалпыға бірдей сайлау
всеобщий закон	бәріне ортақ заң
всеобщий союз трудящихся	еңбекшілердің біртұтас одағы
всеобщий эквивалент	жалпылық балама
всеобщность труда	еңбектің жалпыға бірдейлігі
всестороннее развитие личности	тұлғаның жан-жақты дамуы
всесторонность, полнота, объективность исследования обстоятельств дела	істің мән-жайын зерттеудің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі
всесторонность; разносторонность	жан-жақтылық; санқырлылық
вспомогательная карточка	көмекші карточка (кітапх.)
вспомогательный звук	қосалқы дыбыс
вспомогательный язык	қосалқы тіл
вспоминание	еске түсіру
вспомогательное действие	көмекші әрекет
вспомогательное средство	жәрдемші құрал
вспомогательные образы	жәрдемші кейіпкер
вспомогательные слова	көмекші сөздер
вспомогательный глагол	көмекші есім
вспомогательный состав труппы	труппаның көмекші құрамы
вспомогательный	қосалқы
вставка	кірістірме

вставка	қондырма
вставная новелла	үстеме новелла
вставные конструкции	қыстырынды құрылым
встать	тұр
встреча	кездесу
встречная сделка	ыңғайласпа мәміле
встречная эстафета	кездеспелі қолжалғау
встречный бой	қарсы шайқас
встречный марш	қарсы шеру
встречный укол	қарсы шаншу
встряхивание	сілкілеу
вступительная статья	кіріспе мақала, бас мақала
вступительные экзамены	түсу емтихандары
вступительный баланс	бастама баланс
вступить в бой	сайысқа түсу
вступить в строй	іске қосылу
вступление в бой	сайысқа кіру
вступление закона в силу	занның күшіне енуі
вступление приговора в силу	үкімнің күшіне енуі
вступление судебного решения в законную силу	сот шешімінің заңды күшіне енуі
вступление судебного решения в силу	сот шешімінің күшіне енуі
вторая защита	екінші қорғаныс
вторая мировая война	екінші дүниежүзілік соғыс



вторая октава	екінші октава
вторая позиция	екінші позиция
вторая сигнальная система	екінші сигнал жүйесі
вторжение	басып кіру
вторичное водопользование	суды қайта пайдалану
вторичность сознания	сананың соңғылығы
вторичные качества	екінші сапалар
вторичный пар	туынды бу
второе лицо	екінші жақ
второй арсис	екінші арсис
второй голос	екінші дауыс
второй план	екінші қатар
второстепенное действующее лицо	екінші қатардағы қатысушы
второстепенное сказуемое	екінші дәрежедегі баяндауыш
второстепенное ударение	қосалқы, қосымша екпін
второстепенные члены (предложения)	тұрлаусыз мүшелер
второстепенные члены предложения	сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері
вторые скрипки	екінші скрипка
втыкание шеста	сырық шаншу
вуаль на пленке	таспадағы перде
вуаль	торғын, перде
вуз (высшее учебное заведение)	жоғары оқу орны
вульгаризм (вульгарное слово или выражение)	вульгаризм (дөрекі сөз)

вульгарная политическая экономия	тұрпайы саяси экономия
вульгарная политэкономия	вульгар саяси экономия
вульгарный материализм	тұрпайы материализм
вульгарный социализм	тұрпайы социализм
вульгарный эмпиризм	тұрпайы эмпиризм
выбор	таңдау
выбор методов воспитания	тәрбие әдістерін таңдау
выбор трассы	трасса таңдау
выбор языка	тіл таңдау
выборка, подбор	іріктеу, таңдау
выборка	іріктеме, таңдама
выборная должность	сайланбалы лауазым
выборность хозяйственных руководителей	шаруашылық басшыларының сайланбалылығы
выборный баян	таңдаулы баян
выборный орган	сайланбалы орган
выборочное наблюдение	іріктеп бақылау
выборочное обследование	іріктеп тексеру
выборочное посещение уроков	сабақтарға таңдап қатысу
выборочный анализ	іріктемелік талдау
выборочный диктант	терме диктант
выборочный метод	таңдамалы әдіс
выборы, избирательный	сайлау
выверка расчетов	есепті салыстыру
выверка, сверка	салыстырып тексеру



выводная трубка	шығару түтігі
вывоз капитала	шетке капитал шығару
вывоз	шетке шығару, әкетім
вывозная премия	шетке шығару сыйлығы
вывозная торговля	шетке шығару саудасы
выворка	шекара бұзушыны табу
выговор	сөгіс
выгода	тиімділік
выгодная позиция	қолайлы позиция
выдавливание	сығып шығару
выдать визу	рұқсатнама беру
выдача преступников	тұтқындарды қайтарып беру
выдвиженец	жоғарлатылған
выдвижение на рубеж атаки	шабуыл шебіне шығару
выдвижение на рубеж развертывания	жазылу шебіне шығару
выдвижение	жоғарылату
выдвиженчество	жоғарылаушылық
выдвижной прицел	жылжымалы көздеуіш
выдворение за пределы страны	елден қуу
выдел	енші
выделение текста	мәтінді айрықшалау
выдержанность, воздержанность, умеренность	ұстамдылық, сабырлылық
выдержка, терпение	шыдам, төзім
выдержка	төзімділік, төзім

выдра	күндыз
выдувальщик	үрлеуші
выдыхательное ударение	лебізді екпін
выездка	сәндік жүріс
выездная редакция	көшпелі редакция
выжималка	сыққыш
выжимка, жом, отжимки	сығынды
выжимной курт	сықпа құрт
вызов в ружье	қаруға шақыру
вызов в суд	сотқа шақыру
вызов	шақыру, қыр көрсету
вызывное производство	шақырып іс жүргізу
вызывной аппарат	шақыру құралы
выиграть время	уақыт ұту
выиграть темп	қарқын алу
выигрыш, розыгрыш	ұтыс
выигрышный вклад	ұтысты салым
выигрышный заем	ұтыс заемы
выйти из боя	ұрыстан шығып қалу
выйти из строя	саптан шығу; қатардан шығу
выкат	тоқтайтын өр
выкладка (походное снаряжение)	жорықтық жабдық
выкрут	иықпен айналу
выкуп; закупка	сатып алу
выкупная операция	төлеп алу операциясы



выкупные платежи	төлеп алу арқылы
вылазка	өрмелеп шығу
вылет	ұшып шығу
вымалывание	ұнтақтау, бастыру, тарту
вымарка	ықшамдама
вымачивание	шылау, малу
вымешивание сырной массы	сыр массасын илеу
вымораживание воды	суды мұздату
выморочный вклад	салымның мемлекеттік меншікке өтуі
вымпел	вымпел, үшкіл жалауша
вымысел	жалған
вынесение решения	шешім шығару
выносить приговор	үкім шығару
выносливость, сдержанность, терпимость, толерантность	шыдамдылық, төзімділік
выносливый, ноская	төзімді
выносная уключина	жиналмалы ескек тұтқа
выпадение звуков	дыбыстардың түсіп қалуы
выпадение согласных	дауыссыздардың түсіп қалуы
выпивка	ішкілік
выписка для постановки	қойылым бұйымдары хаттамасы
выписка из протокола	хаттамадан көшірме
выписка из протокола	хаттамадан үзінді
выплавка и обработка железа	темірді балқыту және өңдеу

выплата сумм	сомаларды төлеу
выплата, платеж	төлеу, төлем
выпуск	шығарылым
выпуск в свет	жарыққа шығару
выпуск недоброкачественной продукции	сапасыз өнім
выпуск нестандартной продукции	стандартсыз өнім шығару
